



Амангелді аудандық орталық кітапханасы әдістеме- библиография бөлімі



«Ұлы даланың ұлы есімдері»



Әнуар Боранбаев 1948 жылы 14 наурызда Амангелді ауданында дүниеге келген Қазақстанның Халық артисі Қазақ Ұлттық консерваториясының театр факультетін бітірген соң 1970 жылы М. Әуезов атындағы академиялық драма театрына актер болып орналысып, ғұмырының ақырына дейін осында өнер көрсетеді.

Жазушы сияқты актерлік те Алла-тағаланың өзінің сүйікті құлына сыйлаған ерекеше сыйы. Егер даусы болмаса алты консерватория бітіріп, әлемді алты айналып шықса да әнші боламайтын сияқты табиғи талантың болмаса жазушы да, актер де болалмайтының зайыр. Жазушы сияқты актер болу үшін де көп нәрсе керек. Соның ең бастысы-Алла тағаланың өзі сыйлайтын, ана сүтімен сіңіп, сүйекке даритың талант болса, екіншісі сол талан атты тұлпарды баптайтың, ашы терін алып, бәйгеге қосатын Еңбек.



**Әнуарға – 49 жас! Нұрлан, Болат және Мұратпен.
Алматы, 1997**

Қарап отырсақ халықтың жүрегінде керемет із қалдырған өнер адамдары бізде аз емес. Сол шоғырдың ішінде актер Әнуар Боранбаев та бар. Әнуар дегенде алдымен есімізге «Ғауһартас» фильмі түсетіні сөзсіз. Ал, өз кезегінде осындай киноматографиядағы талай жауһарларымыз арқылы талай ұрпақтың тәрбиеленіп жатқанын айту парыз. Жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабековтің шығармасының желісі бойынша түсірілген бұл фильмде Әнуар Боранбаев жарының ішкі әлемі мен жағдайына үңіле бермейтін о жар күйеудің рөлін сомдаушы ма еді?! Ал, өзінің шынайы адами болымысы, жаратылысы ертедегі зиялыларады елестететін Әнуар Боранбаев өмірде керсінше мүлде басқа адам болғаның онымен бірге жүрген замандастары, өнердің ашы-тұшысын қатар көрген әріптесетрі жақсы біледі.

Әнуар Боранбаевты арманда кеткен актер деп те атайды. Ол бүкіл саналы ғұмырында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев секілді алаштың ардақтыларын сомдауды армандап өтіпті. «Мағжанға ұқсайтын және оның өлеңдерін жатқа айтатын кезде Әнуардың өнерге деген құштарлығы, ішкі мәдени терең мазмұны менмұндалап кететін», деседе замандастары.

Торғай жері – түрлі дарын иелеріне бай. Солардың бірі, әрі бірегей – Әнуарбек Боранбаев ағамыз еді. Ол кісі жастайынан өнерге, білімге құштар



болып, қазақтың өзі сияқты қара домалақ балаларының келешектің тұтқасын ұстар азамат болып өскенің қалады.

Өзінің туып өскен жері Амангелдіде Әнуар ағаның атында мектеп бар. Аталмыш мектеп 2000 жылы ашылды бүгінгі таңда мектебіміз алдыңғы қатарлы мектептердің бірі

Оның азан шақырып қойылған есімі – Әнуарбек еді бірақ анасы мен достары еркелетіп Әнуар деп кетті.

Өмір бар да, өлім бар... Біреу ерте, бірек кеш кетіп жатыр. Адамзат көші үзілмек емес, жалғаса бермек. Әнуар сол ұлы көштің бойындағы ірі тұлға болды, солай болып қала да бермек. Оның өлімі шартты өлім. Ал шығармашылығына ешқашан өлім болмақ емес. Ол халықымен бірге мәңгі жасай бермек. 22 жасынан 52 жасқа келгенше тура 30 жыл қазақ театры мен киносы сахнасында ол сомдаған халықтық бейнелер ұлттық рухқа қызмет ете бермек.

Ә. Боранбаев алғаш 1970 жылы М. Әуезовтің «Түнгі сарынында» сапаның ролін ойнады. Ал 1971 жылы Қ. Мұқышевтың «Дала дастанында» Ілияс Жансүгіровтің тұлғасын өрнектеді. Ол көбіне М. Әуезовтың драмаларындағы кесек бейнелерді бедерледі. Атап айтар болсақ: «Қаракөзде» - Сырымды, «Еңілік кебекінде», - Кембайды, «Айман-Шолпанда» - Арыстанды шебер мүсіндеді

Әнуар Боранбаев – өте қарапайым, мінезге бай, сөз-кепте шаруасы жоқ жуас

От басы шуағы Әкесі Боранбай, шешесі Біжікен



адам болған. Бойындағы осы сұлу мінездері өнерінің де сұлу әрі салиқалы болуын қамтамасыз етті. Тегінде өнерпаздың бүкіл болымыс-бітімі, білімі мен білігі, парасаты мен пайымы, ар және рух тазалығы өнердің қай түрінде болмасын айқын көрніс табады. Жаңа таза да нәзік, қайсар да қайратты өнепаз өнер жолында үлкен табыстарға жететініне Әнуардың өмірі мысал!

Әнуар – Торғай топырағынан шыққан кино және театр артистері арасынан «Қазақстанның Халық артисі» атағын тұңғыш иеленген өнер иесі. Осының өзінен көп нәрсені аңғаруға болады.

Бұл ретте Қазақ театр және кино өнерінің қайталанбас хас тұлғасы, ұлы актриса, СССР және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарының иегері, Халық артисі Фарида Шаріпованың «Театр бар жерде, өнер бар жерде өнердің ақсұнқары Әнуар ұмытылмайды. Рухы биіктей бермек!» - деген аталы сөзі, аналық баталы сөзі ойға орала береді.

Шынында Қазақ елі, соның ішінде Торғай-Батпаққара жері һәм данықты халық батыры Амангелді бабамыздың елі Әнуар секілді ұлы перзентің ешқашан ұмытпайды, есінен шығармайды. Соның айғағы – Арқалық пен Амангелдідегі Әнуар Боранбаев атындағы білім мен өнер ошақтары.

Әнуар Боранбаев туралы лебіздер

Әнуарды ойласам, таңғыжайып актер Әнуар Молдабеков те есіме түседі. Екеуі – қос қанатым еді: Молдабеков пен Боранбаев. Қанаттарым қайырлды, майырылдым...

Әзірбайжан Мәмбетов

Сенің өмірің батырлардың өмірі сияқты. Бәріне көндің, төздің. Ол – өзіңді-өзің сыйлағаның. Өздеріңе ұстаз болған апаларыңды сыйлағаның.

Хадиша Бөкеева

Бізден кейін келген Әнуар бастаған бір топ жастар да үлкен өнерден өз орындарын алды, алдымыздағы «алыптардың» шет жағасын көріп, бақытты шаққа кенелегн еді

Сәбит Оразбай

Өкінішіке қарай Әнуар кинода да, сахнада да өзінде бардың бәрін айқара ашуға үлгере алмады. Мүгедектікке тым ерте ұрынды, ерте ажал құшты

Әшірбек сығай

Әнуар Боранбаев М. Әуезов театрының, жалпы, қазақ театр өнерінің сағнасындағы таза, нәзік, мөлдір, шыншыл тұлға еді. Сонымен бірге ол адамгершіліктің мысалындай болды. Театрға бір үлкен таза жүректі, әдемі лирикалық болмысты, өнерге деген пәк көзқарасты, адалдықты алып келді

Тұңғышбай Әл-Тарази

«Тай құлындай тебіскен, қайта айналып келіскен» деген сөз барғой қазақта. Біз Әнуар екеуіміз бір үйде туып-өскен балалардай тайталасып, қайта табысып өстік. Өз басым дос, бауыр деген мағынаны қатты қадыр тұтам. Сол қимас достарымының бірегейі, үзенгелес досым Әнуарды әрдайым еске аламын. Бірге оқыдық, бірге қызметтес болдық, қатар жүріп рөл ойнап, әріптес болдық. Өмірдің ащы-тұщы сәттерінде бір-бірімізге ақылшы, сүйеу болдық. Мұндас едік сыйлас едік

Бақыт Жанғалиева

Әнуар Боранбаевпен өнерде де, өмірде де қатар жүрдік. Мен оны бауырын жазып көсіле алмай, өксікпен кеткен өнер тарланы деп білемін. өзінің өнердегі таза жолымен жүрді.

Әшірбек Сығай

1975 жылы «Гауһартас» фильмі тұсірілетін болып, Әнуар Боранбаевпен солкезде таныстым. Менің повесімде Ыбыш-Тастан мол бүркіт секілді қонжиып отыратын дөрекі, зор денелі болатын. Әнуар Боранбаев осы рөлге бекітілді дегенде ол қалай ойнайды деп көзге елестете алмай-ақ қойдым. Сол жылдың 31 желтоқсанында Кино үйінде

«Гауһартастың» премьерасы өтті. Фильмді бірнеше рет қайталап көргеннен кейін, режиссердің актер таңдауында жанылыспағаның түсіндім. Әнуар актерлік шеберлігімен өз образын алып шықты, көрермендерін иландыра білді енді Боранбаевсыз «Гауһартасты» елестете алмаймын

Дулат Исабеков




Әнуардың өнердегі жолын көреремен біледі. Ал, өмірде ол менің жан досым болды. Тірі жүргенінде қай жағынан болса да бәрімізден оқ бойы озық тұрды. Актерлік мамандық та адамгершілікке байланысты. Ол осы өнер жолында азаматтығынан тайған жоқ, адамгершілігін жоғалтқан жоқ.

Тұңғышбай Жаманқұлов



*Әнуар (жоғарыдан солдан екінші)
Аманкелді орта мектебіндегі
сыныптастарымен. 1964*


Ә.Боранбаевтың досы



*Ә.Боранбаев:
Шіркін, жастық шақ*



Фильмнен сәттер




Театр тұлғаларын сомдаудан бір сәт



«Абай» спектактілінен сәт

М. Әуезов «Қаракөз» 1986ж





Рухы биік жазушы

Әбілтай Әбжан Ғаббасұлы – 1951 жылы Қостанай облысы Амангелді ауданында дүниеге келді. 1968 жылы Б.Майлин атындағы орта мектепті бітірісімен еңбек жолын Амангелді ауданында «Тың шұғыласы» газетінде әдеби қызметкер болып істеген. Журналист, ақын, аудармашы. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1971-99ж. Аралығында Торғай облысы «Торғай таны», Арқалық қаласында «Торғай» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, Арқалық қаласының Әкімдігінде тіл бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.

2000-2004 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінде аудармашы-редактор, бөлім меңгерушісі болып істеген. 2004 жылдан ҚР Энергетика және материалдық ресурстар министрлігінде мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бастығы қызметін атқарған.

Мектеп қабырғасында жүріп өлең жазумен әуестенген Ә.Әбілтайдың алғашқы туындылары аудандық, республикалық газеттерде жарияланды.

Ақын шығармашылығының жемісті бір саласы – көркем аударма.

Біз ақын – журналист Әбжан Әбілтайдың «Жер басып жүрген соң...» атты кітабын ұсынып отырмыз.

Ақындығына қазақтың ақиық ақындары тамсанған Әбжан Әбілтайдың бұл дүниесі сәтті шыққан. Беттерін парақтап, әдебиет, мәдениет, өнер майданында тер төкен жерлестеріміздің ерен еңбегіне қанығасын. Күнделікті тіршіліктен көкейіне түйген ойлары қонымды, замандастарына арнаған достық әзілдері ұтымды.

Тобықтай түйін – Әбжан Әбілтай жаңа туындысында өзіндік қолтанбасын танытқан, сөйлемдері ықшам, пікірлері орнықты.

Елге деген сағыныш иісі анқыған кітаптың оқырман көңілін дөп басары анық.

Қазір Қазақстан Республикасы Мұнай газ министірлігінің Мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бастығы болып қызмет істейді.

Алматы қаласында жыр жүйріктерінің алдында дүрілдетіп өлең оқып олардың жылы лебіздерін естіді. Бұған:

Жазғаның жақын түгел жат ұғатын,

Жайыла қоймағанмен ақын атым.

Арқамнан қағып сұнқар Мұқағали,

Батасын берген Ғафу ақын.

Ерекшелігі – Әбжан Әбілтай ескінің жетегіне ермейді. Өзіндік қолтанбаға ие. Былайғылдардай Отанын, туған жерін, замандастарын, әсем табиғатты, шынайы махаббатты төгіліп жырлағанымен өміріміздегі келеңсіз көріністерді қалт жібермейді.

Атымды ұқсас қойдырып,
Бір туған абзал анадан
Жетпіске келіп той қылып,
Жырғап бір жатақан жан ағам.
Ананың қабыл тілегі,
Атаның сөзі аманат.
Бес даста есім білемін,
Соңынан ердім ағалап.
Алтымды бәрін аңғарып,
Кезімде сонау ес білген.
Не көрсем, соған таң қалып,
Еліктеп саған өстім мен.

Автор осы жазбаларының бұрынғы, бүгінгі оқырманың, олардың ұрпақтарының ояу көңілдеріне ой салып, қажетіне жарап жатса, өз мақсатының орындалғаны деп біледі.

Әбжан Әбілтай өзі жазып, жарияланған әр мақаласының соңына аты – жөнінен кейін «Торғай таңының арнаулы тілшісі», «газеттің мәдениет, әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі», «СССР Журналистер одағының мүшесі», «...қазылар алқасының мүшесі», т. с.с. қол қойып отырған. Бұл дәрежелер оның жазып отырған тақырыбына қатысын білдірген.



Әбжан мен Бакыт балалары Ғани, Акмарал, Рауан және Ғалимен бірге

Әбжан Әбілтай отбасымен

Талнат құдреті



Торғай топырағынан бірнеше талант иелері шыққан. Елді аузына қаратқан жезтаңдай сыңғырлаған әнші-күйшілер болған. Солардың бірі – Құтжан Қанжығалин, Қазбек Әбенov, Байқоныс Мұхаметжанов, Әбдікәрім Дүйсекеев, Серік Тымпиев, Қабдыжалел Мұқатов, Төкен Елтебаев, Әдият Смайлов, Мұхтар Рахметов, Әлиақаш Ғайнуллин, Тоқбай Тұржанов, Сартай Жамалов, Башарин Қажығали, Бақытбек Сейілов т. б.

Олардан кейінгі ән-күйлері көпшілікке белгілі болған орындаушы – сазгерлер – Айтбай Мұздаханов, Жұмағали Өмірбеков, Борах Әбенov, Қалибек Дерпсалдин, Қайырғали Әбішев, Шолпан Қорғанбекова мен Анар Мұзадхановалар т.б. дарындар. Солардың бірі бүгінде елімізге танымал Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, композитор Айтбай Мұздаханов. Ол 1941 жылы 15 қазанда Аманкелді ауданының Қарасу ауылында дүниеге келген. Үлкен әкесі Молдаш та, өз әкесі Мұздахан да қара домбыраны жетік меңгерген дәулескер күйші. Айтбайдың анасы Кабира да домбырашы, әнші болған. Осындай қарапайым отбасында дүниеге келген Айтбайдың күйші болмауға қақысы жоқ еді. Өйткені ана құрсағында жатып тындағаны күй – естігені ән болды. Есін білген шағынан бастап әкесі Айтбайды алдына отырғызып, күй әуеніне бөлеп өсірді. Оның құлағы ән – күйдің әуенімен ашылды. Күйшілік өнер оған әкесінің қанымен анасының ақ сүтімен беріліп, сүйегіне сіңді. Айтбай Сарыарқаның сайын даласында күмбірлеген күй әуені алты атасынан дарыған әулеттің жетінші ұрпағы. Айтбайдың бала болсада әкесінің мына бір сөзі есінде: «сеннен кейін біздің күйшілік өнеріміз қыздарымызға ауысады» деп айтқан. Осы күні әкесінің сөзі айнымай қолымен қойғандай еді. Өйткені Айтбайдың тұла бойы тұңғышы Анардың бойына біткен қасиет.



Домбыра өнері екінің біріне қонбайтын тек Аллатағаланың шапағатымен берілетін қасиет екендігі белгілі. Осындай қасиет қонған дарынды күйші Айтбай Мұздахановтың арнаулы музыкалық білімі болмаса да өзі бала кезінен тыңдап өскен ауылдағы саңылақ күйшілер Омар, Біртай, Құрман, өз әкесі Мұздахан шерткен күй-әндерін қанына сіңіріп өскендіктен болар, енді ол өз жанына күйлер де шығара бастаған. Аруақ деген бар екенің мойынсұнбаған бірбеткей Айтбай 13 жасында сол қолының үш саусағы бүгіліп икемге келмеген, екінші, туған әкесінен айырылады.

сарайында бірнеше рет әкесі Айтбайдың күйлерін нақышына келтіріп орнындаған.

1993 жылы еліміздің Президентінің жарлығымен Қазақстан Республикасына Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері атағы берілді.

2012 жылы Қостанай Меценаттар клубы «Қазына» сыйлығының лауреты, 2015 жылы С.Нұрмағанбетов медалінің иегері.

2016 жылы Аманкелді ауданының құрметті азаматы атағының иегері.

Айтбай бүгінде туған ауылы Қарасуда тұрып жатыр. Ол өз еңбегімен талантын халыққа арнаған дарынды жан, серігі бомбыра.

- «Қолыма бір күн домбыра алмасам, аурамын. Мені өмірге екінші рет әкелген осы домбыра ғой. Өзім үшін мұнан артық байлық, мұнан артық дос жоқ. Туысым да, туғаным да – домбыра!», - дейді. Сым саусақтар төккен бірде сырлы, бірде әуенді, бірде мұңды, бірде жігерлі, бірде самал желдей нәзік әуендер жүректі тербеп ләззат сыйлады.

Айтбай – бүгінде жаны сүйген күйшілік өнерін жалғастыруда. Ол «Домбыра сазы – Ерке құсым» кітабының авторы. Композитордың ұрпағы да өнерге бейім. Қазіргі таңда өзінің қызы Анар Мұздаханова музыка мектебін бітіріп, әке арманын ұштап жүр. Әке жолын қуған қызы Анардың еңбегі жеміссіз емес. Қазір Анардың өзі шығарған «Самғау», «Естелік», «Қашағанның



қоштасуы», т.б. күйлері өмірде қолданыста. Бүгінде ол Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері, Астана қалалық филормониясының жеке домбырашысы. Сазгерлікпен де айналысады. Ал Жанар да құралақан емес. Ол аудандық мәдениет

Ал 25 жасында оң қолынан айырылады. Өзінің қателескенің, қара домбыраның киесін, мамандықты дұрыс тандамағанын сонда ғана түсінеді.

Ауруханадан шыққан соң біраз уақыт өткеннен кейін Айтбай Торғай облыстық драма театрының директоры Төкен Елтебаевтан дәріс алады. Төкен оның өнерге деген құштарлығын оятады. Сөйтіп жанын тербеген әуендер көкірегін кернеді. Кесілген оң қолының білегіне алюминий сым байлап, домбыра тартуды қайта үйренеді. Алғашқы кездері ауыр болады. Таң атқаннан күн батқанға дейін бір бөлмеде жалғыздан-жалғыз отырып, бірнеше рет жаттығады. Келе-келе оң қолымен күй тартуға машықтанып алады. Ол күйлерді Төкен ерінбей-жалықпай нотаға түсіреді.



Айтбайдың алғашқы шығарған күйін Нұрғиса Тілендиев тындап: «Қарағым –ау, мына күйін дүбірлеп тұр ғой» деп риза болып, оны бауырына басады. «Ендеше бұл күй «Аманкелді дүбірі» болсын», деді. Содан аты қойылмаған алғашқы күй «Аманкелді дүбірі» атанып, Аманкелді ауданының өнерпаздары сахнаны осы күймен ашты. Бұл күй елдіктің, ерліктің символындай көрінді. Өйткені, күйді тыңдағанда атойлаған өзгеше дүбір бойды кернеп, ойды тербеп, қияға қанатын сермеп, қырандай самғайды.

Ол сан алуан тақырыпты қамтитын «Ана туралы толғау», «Ленин сен болмасаң», «Ленин комсомолы», «Бөбектерге берейікші жер шарын», «Қаракермен қоштасу», «Шаттық», «Бәштөк», «Невада Семей», «Ер есімі – ел есінде», «Бүркітті байрақ», «Домбыра сазы», «Арманда кеткен аталар», «37-ші

жыл», «Сәтен күй», «Қараша қаз», «Қызыл керуен» сынды көптеген тың күйлердің бірінен соң бірін төгеді. Домбыраға баулыған ұстазы марқұм Төкен Елтебаевқа арнап «Аққайың», өмірден жастай озған композитор Нұрғиса Тілендиевке арнап «Нұраға» т.б. күйлері осы кезде шығады. Нұрғиса Тілендиев Айтбайдың шығарған күйіне «Айтбайдың сарыны» деп ат қояды.

Ол өзінің еңбек жолын кіндік қаны тамған жері Қарасу ауылында бастады. Айтбай электромеханик, бөлімше бастығы, жемдеу цехының меңгерушісі т.б. ауыл шаруашылығының жауапты қызметтерін атқара жүре қара домбырасын да төл перзентіндей аялады. Айтбай осы шаруашылықта жүріп 1974 жылдың аяғында оң қолынан айырылып, шынтаққа жақын жерден білегін кестіруге мәжбүр болды.

Күйші Айтбай өнерпаз ретінде үш адамды ерекше құрмет тұтады. Олар: ғажайып музыкант Төкен Елтебаев, әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиев және сазгер Қалибек Деріпсалдин.

- Мені өнерге әкелген – Төкен, ақ батасын беріп жігерлендірген – Нұрғиса ағам, шығармамды кітап қылып бастырып, халқыма таратқан – Қалибек інім, - деп Айтбай сыр шертеді.

Күйші-сазгердің бүгінде 60-қа жуық күйі, 40 шақты ән шығарылды. 1977-78 жылдары Бүкілодақтық халық шығармаларының І-ші және ІІ-ші фестивалінде лауреат атанды. 1977 жылы Қызылорда қаласында Бүкілодақтық фестивальдің аясында өткен домбырашылар конкурсында бас жүлдені жеңіп алды. 1979 жылы Құрмет белгісі орденімен марапатталды.

Ақын жазушылардың лебіздері

Айтбай сенің тоқырауға қақын жоқ. Сенің күйлерінде ерекше әуен бар. Сен домбыраны қалайда қолына алуын керек.

Әбдісәлі Құрманжанов

ҚР Ауыл шаруашылығының еңбек сіңірген қайраткері

Айтбайдың күйлерін тыңдағанда ерекше бір әсерге бөленесің, ешкімді де бей – жай қалдырмайды.

***Жұма – Назар Сомжүрек
ақын***

Айтбай, сен қолым жоқ деп қайғыра берме. Сен қайта бақыттысың. Қос қолың тепе – тең болса, көп композиторлардың бірі болар едің. Ал сен қазір қазақта біреу ғана. Бұрын-соңды тарихымызда шолақ қолды болған емес. Атың тарихта алтын әріптермен жазылады.

***Серік Тұрғынбеков
ақын***

Болат Хамзин мен Айтбай Мұздахановтың «Торғай өңірінің – алтын босағалары» дер едім.

***Қалибек Деріпсалдин.
сазгер***

Ақын – сазгерлердің лебіздері

Айтбай күй шығарғанда көрермен не жылау керек, не рахаттанып қуану керек, көрермен бейжай болу керек...

«Көкейкесті» деген бірнеше күйі бар. Қабаттастырып қайтесің. Бұл күйде өзіңнің зарың да бар екен, бұл күйді «Айтбайдың сарыны» деп тарт.

Нұрғиса Тілендиев
Композитор.

Бір көзі жоқ соқыр, құлағы керең композиторларды білеміз, бірақ бір қолы жоқ, жалғыз қолдың өзінің саусақтары түгел емес, үш-ақ саусақ композиторды бірінші рет көруіміз. Ғажап қой ғажап!..

Төлен Әбдіков
Жазушы

Айтбай Мұздаханұлы қазақтың тарихын күймен өрнектеген бірден-бір композитор. Қазақтың басынан өткен елеулі оқиға Айтекеңнің назарынан тыс қалған емес.

...Шіркін! Айтекеңнің күйлерін «Отырар сазы», «Құрманғазы» оркестрі сияқты оркестірдің орындауында тындаса ғой.

Қонысбай Әбілов
Халық ақыны

Қазына қалдырған қаламгер



Жерлесіміз, Таңатқан Рсаев Барақұлы 1937 жылы 29 желтоқсанда Аманкелді ауданы, Иманов атындағы кеңшарда Рсайдың Барағының от басында дүниеге келген.

1954 жылы орта мектепті ойдағыдай бітірген.

1959 жылы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің журналистика бөлімін бітірген.


Еңбек жолын «Лениншіл жас» (кәзіргі «Жас алаш») газетінен бастап, 1966 – 1970 ж. Қазақ радиосында қазақ тіліндегі бағдарлаалардың бас редакторы болып істеген.

Бұдан соң «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен қазақстан») газетімен «Қазақстан әйелдері» журналы редакцияларында бөлім меңгерушісі болды. Республика құрамында жаңадан Торғай облысының құрылуына байланысты туған жеріне келіп, Аманкелді Имановпен Әліби Жанкелдиннің облыстық өлкетану музейін ұйымдаструды қолға алып, оның алғашқы директоры қызметін атқарды. Бір жылдан кейін Алматыға қайтып келіп, 1973 жылдан «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясына қызметке орналасты.

Рсаев бұл баспада 35 жыл бойы үздіксіз қызмет атқарып, оның негізін қалаушылардың бірі ретінде республика тарихында алғаш құрылған жаңа мекеменің ғылыми – әдістемелік жағынан қалыптасуына айтарлықтай еңбек сіңірді. Ол мұндағы қызметің аға ғылыми редакторлықтан бастап, бас директордың бірінші орынбасарлығына дейін көтерілді. Рсаев «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан жарық көрген барлық күрделі басылымдарға қатысып, автор болды. Оның тікелей басшылығымен әзірленіп, баспадан шыққан республикада тұңғыш тұлғалық «Абай» энциклопедиясы 1996 жылы Қазақстан мемлекеттік сыйлығымен марапаталды. Бұл соны басылымға автор ретінде 300 – ден астам мақала жазды. Рсаев 10 – томдық «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының тұжырымдамасын анықтап, сөзтізбесін әзірлеуге және баспадан шығаруға тікелей басшылық жасады. «Қазақстан» алғашқы энциклопедиялық сөздігінің (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде), «Қазақстанның жеті кереметі» анықтамалығының жеке мазмұндық және әдістемелік сипатын белгілеп берді, «Тұлғалар» топтамасымен жарық көрген «Қазақ энциклопедиясы кітапханасының» негізін қалады.

Журналист – жазушы Таңатқан Рсаевтың «Самал», «Дала дауылпаздары», «Егіз бұлақ», «Егіз бұлақ», очерктер кітаптары, «Жұлдызы жол», «Үндескен өмір» деректі повестері, «Сырымды айтам...» өлеңдер мен әндер жинағы, «Алтын қазық», әңгімелер мен әдеби мақалалар жинағы жарық көрді.

Таңатқан Рсаев 1916 жылғы Торғай көтерілісі тарихына байланысты деректерді салыстыра зерттеп, ғылыми жағынан аса құнды тарихи очерктер жазды. Зерттеуші 2000 ж. Иман батырдың туғанына 220 жыл толуына, 2003 жылы Аманкелді Имановтың 130 жылдығына орай Аманкелді кентінде өткізілген ғылыми теориялық конференцияларда баяндамалар жасап, ел тарихына байланысты елеулі оқиғаларға айтарлықтай үлес қосты. Рсаев аударма саласында да жемісті еңбек етті. «Әлемдік саясаттану антологиясының» 6 – томына еңген әлеуметтану ғылымының классиктері М. Вебер, И. Ильин, А. Грамш, еңбектерін, Гомер, Әбу Наср әл – фараби, Сайф Сарайдың, К. Маркстың жекелеген өлеңдерін қазақ тіліне аударды.



Рсаевтың ұзақ жылдар бойы еріңбей жинап – терген сүбелі еңбектері – 2007 жылы баспадан шыққан «Сөз мәйегі» кітабында қазақ халықының он екі мыңнан астам мақал – мәтелі жинақталған. Әуесқой сазгердің «Ақерке», «Астана вальсі» әндерін Қазақстанның халық әртісі Н. Нүсіпжанов, «Әппақ құсым, қайдасын сен?», «Сәмирам сәнім», «Серінің әні», «Дала жыры» туындыларын әнші Ж. Күлжиганов күй таспаға жаздырған. Бірқаттар әндері нотасымен «Сырымды айтым...» жинағында, «Балдырған» журналында, «Қазақ батырлары» газетінде жарияланды.

Таңатқан Рсаев - жазушы, журналист ақын, аудармашы, энциклопедияшы – ғалым, абайтанушы, этнограф – фольклоршы, әуесқой сазгер, Аманкелді ауданының Құрметті азаматы, КСРО баспасөз үздігі, Қазақстан баспа полиграфия ісінің қайраткері, ҚР – ның мәдениет қайраткері, 2008 жылы Құрмет орденімен марапатталған. Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерекесі қарсаңында Қазақстан Мәдениет министрлігі, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі мен Журналистер одағы жарияланған бәйгеде үздік шығып, Қазақстан Жураналистер одағының Абай сыйлығының иегері атанды.

Алашқа олжа салу оңай шаруа емес. Қазақ радиосы мен Қазақ кеңес энциклопедиясы редакциясының қазандарында қайнап, шар болаттай суырылып келген. 28 жасында бүкіл Қазақ радиосының қазақ тіліндегі хабарлар бағдарламасының бас редакторы болды. 1964 – 1965 жылдары «Лениншіл жаста» «Құралайдың хатын талқылаймыз», Жәмиланың хатын талқылаймыз, деген айдармен «Бүгінгі қазақ қызы қандай болу керек?» «Бақыт деген не?» деген жастар үшін аса күрделі мәселелер сөз болды. Мәселені газет бетіне көтерген де, әрқайсына жарты жыл бойы талқылау ұйымдастырып, жеріне жеткізе қортындылаған да Таңатқан Рсаев болды.

Леннидің 100 жылдық мерекесі қарсаңында шығарылған тұтас бір санын Рсаев бас мақаласына дейін өзі жазып, жалғыз әзірледі.

Журналистке керекті тапқырлық, шапшандық, өнімділік, өткірлік, шеберлік деген осындай болса керек.

Біз қай аймақтың болсын өткен тарихына, жүректері елім, халқым деп соққан асыл азаматтардың сіңірген еңбектеріне ерекше құрметпен қараймыз. Бұл сөзімізге таяуда ғана Алматы қаласындағы «Арыс» баспасынан жарық көрген «Торғай елі» деп аталатын энциклопедия жарқын айғақ бола алады.

Ең алдымен айтарымыз, кітап өте сапалы. Сыртқы безендірілуі бүгінгі жоғары талаптарға сай келеді. Осынау құнды еңбек, оның әсіресе кейінгі өскелең жастарға берері мол.

Әдетте ізденімпаз қауым мен студент жастар туған өлкелері жайлы мәліметтерді алу үшін қаншама кітаптардан ақтарып, мұрағаттарға үңіліп жатады. Ал мұнда бұрынғы Торғай облысының Амангелді, Жангелдин және Арқалық қаласындағы айтулы тұлғалар қамтылған. Қазақта Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовты кім білмейді?

Аталмыш энциклопедияда олардың артында қалдырған бай мұралары мен тағылымды өмірлері де кеңінен арқау болыпты. Сондай-ақ Торғай халқы әрқашан да мемлекет қайраткері, этнограф Өзбекәлі Жәнібековті ардақ тұтып, оның есімін әрдайым жалықпайайтып отырады.

Бұл энциклопедияда ұлтымыздың біртуар перзенті Өзекеннің қазақ халқына сіңірген еңбегі де сөз болады. Өйткені, ол республикамыздың басқа өңірлерін айтпағанның өзінде, кезінде Торғай облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып тұрған кезінде осы аймақтағы руханият саласының жандануына қыруар үлесін қосты.

Аталған өңірдегі қазақтың ұл мен қыздарының арасында оны білмейтіндер жоқтың қасы. Тіпті, мемлекеттік қазақ тілі мен Наурыз мерекесінің қаншама жылдардан кейін арамызға оралуына да осы тұлғаның сіңірген еңбегі орасан.

Торғай халқы өз дәстүрін, өз тарихын, әдет-ғұрпын айрықша сыйлайды. Сонымен қатар кезінде дуалы сөздерін естіп, құнды туындыларымен сусындаған көрнекті ғалымдар, жазушылар, ақындар және сахна саңлақтарын да ешқашан ұмытқан емес.

Сондай-ақ қазақ әдебиетінде өзіндік айрықша орны бар Қайнекей Жармағамбетовті кім білмейді. Ол ақын, әдебиет зерттеушісі әрі белгілі қоғам қайраткері болатын. Бұл кісінің де өмірбаянынан да кейінгі қазақ жастары тағлым алары даусыз.

Сәбит Досановтың есімі барша кітапқұмар қауымына жақсы таным. Ол Торғай өңіріндегі Амангелді ауданының тумасы. Көптеген құнды кітаптардың авторы, мемлекеттің сыйлықтың лауреаты, халықаралық Шолохов атындағы сыйлықтың да иегері. Кезінде ұлтымыздың әдебиетін өркендетуге айтарлықтай үлестерін қосқан классик жазушылардың мектебінен өткен.

Осындай энциклопедия жайлы әңгіме болғанда Торғай өңірінде өсіп-өніп, бүкіл саналы ғұмырларын тәуелсіз қазақ елінің жарқын болашағына арнаған қоғам қайраткерлерімен қатар арамызда жүрген зиялы азаматарды атамасақ бұл шағын мақаламыз толыққанды шықпайтындай көрінеді.

Бұл орайда зейнеткерлікке дейін адал еңбек етіп, Қостанай өңірінің атақ-даңқын шығаруға шама-шарықтары келгенше үлестерін қосқан Сұлтанғали Оспановты, өнер майталмандары Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері Қалибек Деріпсалдин, Бақытжан Сәуекенов, бұлбұл үнді әншіміз Ботагөз Дүбірбаева, Торғай өңірінде ұзақ жылдар бойы абыроймен жұмыс істеген ардақты ағамыз Әмірхан Абдуллин, Жақсылық Жүнісов, Хамит Мұсабаев секілді тұлғалардың да ғибратты ғұмырлары көпке өнеге.

Көркем сөздің көрнекті шебері

Жерлесіміз, бүгінде Қазақстанның белгілі жазушыларының бірі Сәбит Аймұханұлы Досанов 1940 жылы 12 қаңтарда Қостанай облысы Аманкелді ауданы, Байғабыл ауылында дүниеге келді.

Ол әдебиет өлкесіне деген алғашқы қадамын өлең жазудан бастады. Мектепте, университетте оқып жүргенде-ақ оның шығармалары мерзімді баспасөз беттерінде жарияланды.

1958 жылы алғашқы әңгімелерінің бірі «Шабындықта», әңгімелерінің біразы Пионер журналына жарияланды. Жазушының «Қайырлы таң» атты тыранақ алды кітабы 1966 жылы жарық көрді. Одан кейін екінші кітабы «Бұлбұл үні» кітабы оқырмандар қолына тиді. Бұл кітаптарға бүгінгі күн тақырыптарына жазылған көркемочерктер, әңгімелер, новеллалар кірген. 1971 жылы жарық көрген «Қырандар қалғымайды» атты повестер жинағы жазушының көркем әдебиеттегі алғашқы ірі жетістіктерінің бірі болды. Осы жинаққа кірген философиялық-психологиялық «Аруана» повесін оқырмандар жылы қабылдады.

Сәбит Досанов әдеби-көркем сын жанрымен де белсенді де, жемісті айналылып келеді. Осы уақытта шыққан 1970 жылы монографиялық жеке кітаптары «Соны іздер», «Қазына», 1989 жылы «Жүрек отын сөндірме» атты шығармалары жарыққа шықты.

Жазушының 1978 жылы басылып шыққан «Тау жолында» романы қазақ прозасының шоқтығы биік шығармасының бірі болды.

Сәбит Досановтың халық оқып, танып зор бағасын берген келесі шығармасы «Екінші өмір» романы. Автор бұл кітабында қазақтың белгілі дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың қиын да қилы тағдырын суреттеуга арнаған. «Екінші өмір» романы тек автордың биік табысы болып қойған жоқ, сонымен қатар, қазіргі қазақ прозасына өзіндік орны бар, сүбелі үлесі болды. С.Досановтың ұшқыр қаламынан туындаған тағы бір шығарма сы «Күн мен түн» романы.

Көрнекті публицист С.Досановтың әр жылдары басылып шыққан кітаптарында «Алтын күрек әні», «Жер тағдыры», «Сексеңбестің көктемі» және «Литературная газета», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде жарияланған мақалаларында қоғамымыздағы өткір де, күрделі мәселелер қозғалды.

Сәбит Досанов драматург

Ол драматургия саласына да қалам тербеген жазушы. Оның «Дауыл» пьесасы қазақтың М. Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық театрында қойылды. «Ертең бюро» атты пьесасы М.Өтемісов атындағы Атырау облыстық драма театрында қойылды. Романист, әдебиет сыншысы, драматург, публицист Сәбит Досановтың көп қырлы жемісті еңбегі қазақ әдебиетінің белгілі өкілдері жылы лебіздерін білдірді.

Жазушы Сәбит Досанов республика өміріндегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. С.Досанов Қазақстан мәдениетін шет елдерге таныстыруда

елеулі еңбек етуде. Сәбит шығармалары Ресей және шет тілдеріне аударылған. Көрнекті жазушы, Қазақстан Жазушылар сыйлығының лауреаты, М.Шолохов пен В.Пукуль атындағы халықаралық сыйлықтарының иегері, Ресей әдебиет академиясының академиягі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәбит Досановқа 75 жыл толып отыр.

Сәбит Досанов тың жаны- ақын, жалауы жыр. Оның поэтикалық көркем прозада публицистикалық қуат пен романтикалық рең арасында құбылғанмен, шығарманың өн бойындағы сезім пен сенім адам жанын баурап, өмірдің өзіндей болып көрініп, қарапайым сөзбен көңіліңе сәуле түсіреді. Бұл не сонда?. Мұның сыры неде?.

Мұның сыры-идеяда. Қазір көркем жазу, төгілтіп теңеу, көсілтіп көш-құлаш сөйлем түзу маңызды болмай қалды. Сөзге де қайта жаңғырту тәсілі кірді. Бірақ ол көз қарықтыратын сансыз құбылған сағымды түстер емес, прагматикалық іс-шараны идеялық мұратқа байлаған ой мен ұсыным. Жазушының шығармаларынан мақсат көздеген мұратшыл қаламның ізденісі көрінеді. Жерлес жазушы Сәбит Досановтың шығармашылығына кеңінен тоқталатын болсақ, жазушы «Жиырмасыншы ғасыр», «Ар аруана», «Қайырлы таң», «Пішен даласында», «Тау жолы». «Екінші өмір», «Қылбұрау», «Ұйық», «Тұйық», «Намыс найзағайы», «Аспан жылаған түн», «Ақбас бүркіт» атты романдарын жазды. Оның алғашқы екі романында ХХ ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқы басынан кешкен оқиғаға желісі- Қазақстандағы орыс отырықшылдарының күшеюі, шұрайлы жерлерді қоныс аударған орыс шаруаларына тартып әперу, қазақ зиялыларының осындай зорлық пен жергілікті халықты өгейсейтуге қарсы күресі, ұлттық ояну проблемалары, ұлт-азаттық қозғалысының тууы мен орыс революцияларының Қазақстанға әсері, төңкерістен кейінгі жағдайлар, жекеменшік малдарды тәркілеу мен ұжымдасу шаралары, малынан айырылған қазақтардың аштан қырылуы, тағы да басқа із қалдырған оқиғалар қамтылған. Жазушының «Аспан жылаған түн» атты романының негізгі сюжеттік желісі – 1986 жылғы жастар қозғалысы мен олрады жазалау оқиғалары қамтылады. Қозғалыстың басты кейіпкері – Қайрат Рысқұлбеков, жазушы Олжас Сүлейменовтың басынан кешкен жағдайлары, Колбиннің үкімет басына келуі, тағы басқа оқиғалар суреттелген. Жазушы Сәбиттің суреткерлігінің өскені, көркем тілі, адамға тән мінез-құлықты шебер аша біледі. Жазушының бүкіл романдарында оқиғаларына кілт болып көрінетін «Ақбас бүркіт» романы. Бұл романда- ұлы даланы кезіп өскен, биікте самғап өмірді қырағы көзімен шолып отыратын, туған жердің қуанышы мен қайғысын бөліскен, елінің тәуелсіздігін бірге аңсаған дала қыраны. Ол Ұлы даланың бақытын, арманын бейнелейді. Сәбит Досановтың соңғы аударма шығармаларының бірі – «Қасқыр ұлыған түн» атты романы. Бұл шығармасына да жазшы тағдырының ең бір қаралы беттерін суреттеуге арналған. Жанынан артық жақсы көретін жалғыз ұлы Даниярдан айырылуы.

Жазушының мерейтойы:

2015 жылы жазушы Сәбит Досановтың 75 жылдық мерейтойын қалын елі – қазағы ғана емес, ормандай орыс, қарағайдай қырғыз жұрты кеңінен атап өтті. Ресей астанасы-Мәскеу қаласында, Бішкек, Алматы қаласында, Қостанай қаласында, туған жері Аманкелді ауданында қаламгерлік қарымымен танылған ел ағасының 75 жылдық мерейтойы кең көлемде салтанатты түрде аталып өтті. Жерлес жазушы Сәбит Досановтың жазушылық өнерін бағалауда орыс оқырмандарының тарапынан зор ылтипатқа ие болды. Атап айтсақ. Ресей Ғылым академиясының академигі, әйгілі сыншы Феликс Кузнецов, Ресей Жазушылар одағының бірінші хатшысы, ақын Геннадий Иванов, Тәжікстанның халық жазушысы Шавхат Ниязи, генерал-лейтенант, мемлекет қайраткері Сергей Соколов, белгілі әдебиетші Валентин Осипов, «Московский литератор» газетінің бас редакторы Иван Голубничий, т.б. әдебиет өкілдері қазақ жазушысы Сәбит Досановтың шығармаларына кеңінен тоқталып, жазушының орыс және шет тілдерге аударылған кітаптарына талдау жасады. Оның жазушылық шеберлігінің өскенін, іздемпаз, кішіпейіл қасиеттерін тілге тиек етіп, оң бағасын берді. Жазушының «Ар аруана», «Жиырмасыншы ғасыр» романдары мен басқа туындылары көркем әдебиеттің шынайы жанашырлары тарапынан көркем бағаланды. Феликс Кузнецов «Жиырмасыншы ғасыр» романын қазақ әдебиетіндегі үлкен оқиға. Сәбит Досановтың жазушылық өнерінде Шолохов дәстүрінің анық танылғандығын, қазақ классиктері Абай, Мұхтар, Нұрпейісовтың жалғастығы барлығын айтты. В.Мирнев. «Сәбит Досанов- аса үлкен шебер». Оның «Жиырмасыншы ғасыр» романы- кең эпикалық туынды, оны прозамен жазылған поэма десе де болады.

Қоғам қайраткері, белгілі қаламгер Сұлтан Раев Сәбит Аймұханұлын екі ел арасындағы елші деп бағалады. «2007 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен біз алғаш рет қазақ-қырғыз интеллигенциясының форумын өткізгенбіз. Алғаш рет Алматыда, екінші рет Бішкекте, сосын Алматыда өткен еді. Қазір екі ел арасында мұндай байланыстар жоқ.. Бүгінгі күн С.Досановтың шығармашылық кеші ғана емес, бұл ең бастысы қазақ-қырғыз арасындағы біздің рухани, мәдени байланысымыз болуы керек. Менің ұғымымда, Сәбит Досанов қазақ пен қырғызды байланыстырған елші. Екі елде де мұндай азаматтар көп болуы керек. Әр қырғыздың жаны қазақ деп соғады, кешегі аштық жылдарында бір тілім нанды бөліп жеген туыстас халықпыз. Сондықтан бізге тығыз қарым-қатынас қажет деді С. Рсаев. А.Тимирязев атындағы Ауыл шаруашылық академиясының профессоры Серік Тойғанбаев қазақ жазушысының Ресейдегі беделіне, оқырмандарының ыстық ықыласына бөленген Ресейде өткен шығармашылық кешіне тоқталып, «Қазақ жазушысы Сәбит Досанов Новель сыйлығының иегері болуға әбден лайық» деген ұсыныс айтты.Қазақтың көркемсөз өнерін орыс және әлем әдебиеттері дәрежесіне шығаруға атсалысып, халықтар әдебиеттері байланысын нығайтуға күш салып жүрген Сәбит Досановқа деген құрмет басқа ұлттас әріптестері ортасында бұрыннан да белгілі болатын. Қаламдас әріптестері: Сергей

Михалков, Валентин Распутин, Римма Казакова, Людмила Шипахиматов, башқұрыстандық Мұстай Кәрім, грузин Мурман Джгубурия, өзбекстандық Насыр Фазылов, дағыстандық Расул Ғамзатов, тәжік Момин Қаноат т.б. оның достары, тілектес оқырмандары. Мерейтой иесінің әр жерде аталып өтіп жатқан атаулы күндері қаламгердің еңбек пен күреске толы тағдыры, сол тағдырымен сабақтас күрмеуі қиын күрделі шығармашылығына жұрт көңілін аударуға деген ниеттен туындады. Адамға бақыт оңай қонбайды, Шығармашылық та солай. Жазушы бүгінгі биігіне оңай жеткен жоқ. Оны биікке алып келген қос қанаты ғана, бірі табиғи қуатты таланты, екіншісі табанды, жанкешті еңбегінің арқасы. Жазушының жақсы адамгершілік қасиеті- мақтағанға тасымады, даттағанға жасымады. Бәріне де уақыт таразысына салып, еңбекпен, жаңа шығармаларымен жауап берді. Өзіміздің ақын ағамыз Ғафу Қайырбеков былай деген екен «Күншілдер күнкіліңе құлақ аспай, Талант пен еңбегіңнен таптын бақыт»- деп жазуы осының дәлелі.

Сәбит Досанов туралы айтылған ақын-жазушыларымыздың ой-лебіздері:

Ақын Жұма-Назар Сомүрек «Талмас талант» атты мақаласында былай деген екен:

*Суға салсаң, батпайтын,
Отқа салсаң жанбайтын,
Атса оқ өтпейтін... деген.*

Шолохов атындағы сыйлықтың иегері, ақын Өтеген Оралбайұлы «Аңыз адам» атты өлеңінде:

*О, Сәбе,
Жан-жағыма қарасам Сізді көрем,
Қалам алып, Сіз жайлы түздім өлең,
Аңыз адам өзіңіз, нағыз адам,
Жігіттігі жарасқан үздік ерен, - деп толғапты.*

Жерлес ақынымыз Серік Тұрғынбекұлы былай деген :

*Сіздей жанды жарасады нар десе,
Келе жатсың мұз төсеніп, қар кеше...
Мен қасынан табыламын ағажан,
Әр заманның бір Сәбиті бар десе!- екен.*

Біздің Торғай даласында қарасөз жазатын жазушылардан гөрі, ақпа-төкпе ақындар жағы көбірек. «Көпсіңбе, аспан құсын көпсіңбейді» деп Ғафу ағам айтқандай, «бір өзі үш Францияның жерін алып жатқан Торғай даласының» С.Мұқанов айтып өткендей, сеңгір аспаны астына дүниенің бар құсы сыйып кетер еді. «Аты Торғай болғанмен, жүрегі оның бүркіттей» деп Сырбай ағам жырлаған.

Бұл далада бүркіт болмыс, қыран тектес аз тумаған. Солардың бас жағында бүгінгі күні әлем танып отырған Сәбит Аймұханұлы Досанов есімі айқын көрінеді.

Қазақ әдебиетінің қабырғалы қаламгерлерінің бірі. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәбит Досанов туған әдебиеттің туын көтеріп келе жатқан үркердей топтың ортасында өзіне тиісті салмақты салиқалы түрде көтеріп келе жатқан қайраткер. Ұлтқа бар болмысымен қалтықсыз қызмет жасап келе жатқан перзент. Өз биігіне шыққан, біреудің биігіне көз алартпайтын адал азамат.

Марапаттары:

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, М.Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Ресей педагогика және әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, В.Пукуль атындағы халықаралық сыйлықтардың иегері, Сергей Есенин атындағы «Алтын күз» әдеби сыйлығы, Василий Шукшиннің алтын медалімен марапатталды.

Қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік көркем шығармаларымен мол үлес қосып келе жатқан көрнекті жазушымыз Сәбит Досановтың шығармашылық әлемі көп ғасырлық тарихы бар қазақ халқына тән көркемдік ойлау дүниетанымы болмысын анықтайды. Талантты қаламгердің көркем шығармалары Тәуелсіз Қазақстан жаңа әдебиетінің ұлттық рухани құндылықтары қатарында қазақ ұлтының ұрпақтарына және жалпы адамзат қауымына қызмет ете беретіні анық.

Ақын еді қын түбінде жатпаған...



Жерлесіміз, Байдақ Молдашұлы 1926 жылы Торғай облысы Аманкелді ауданы, Сартал ауылдық кеңесіне қарасты № 1 ауыл Шақпақ деген жерде дүниеге келген. Аманкелді ауданы орталығындағы орта мектепте оқып орта білім алған. 1944 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, 618-ші дивизияның 44-ші атқыштар полкінде Румыния жерін азат етуге қатысып, соғысты Одер өзеніне жақындағанда аяқтап. Армия қатарында 1947 жылға дейін болған.

Толқынды жапқан дала адырлардың,
Бойында туып- өстім Қабырғаның
Қартардың естіп өстім Даналығын
Жастардың жиынап бойға жалындарын.
Асылдай көкірекке сақтағаным,
Көктетіп көк ормандай баптағаным.
Көріңсін туған елге бір жарқ етіп,
Менің де қап түбінде жатпағаным

- деп жанлаған ақын Байдақ Молдашевты Қостанай, Торғайдың көзі қарақаты азаматтары білмейтіндері кемде-кем.

Кейінде Шаштыбай Әлменов, Бәшір Шметов сияқты заманында ел тұлғасы, жер қадасы болған абзал ағалар қамқорлығына алып, Бәкеңнің елдің елеулі бір азаматы, айтулы маманы болып шығуына көп көмек жасады.



Құлшыныс, талпыныс, білікті білгір мамандардан жатпай – тұрмай үйрену, тоқыған білімді іске асыруға мүмкіндік жасады. Оның заманы тұсында асықпай білімді оқып – үйрену емес, қолма - қол іс атқарып содан ғибраты барынша мол зерделеу, яғни көп ойлау емес, жұмыста милап, іс тындыруды өмірдің өзі талап етеді.

Туып өскен Аманкелді ауданында партия, совет органдарында ұзақ жылдар жауапты қызметкер атқарған Молдашұлы Байдақ – Аудандық оқу бөлімінде 40 жылдан астам бас бухгалтер болған ол, шын мәніде бухгалтерлерді тәрбиелеп, аудан көлеміне жұмысқа кіргізудің ұстазы, қас шебері болған.

Молдашұлы Байдақтың еңбек кітапшасындағы еңбек жолы, соғыстан оралғаннан кейін, 1950 жылы мамырда аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде есепші болып орналасу дан басталды.

1953 жылғы қарашадан аудандық комсомол комитетінің пионер бөлімінде жұмыс істейді. 1954 жылы қарашада аудандық Кенес атқару комитетінің жалпы бөлім меңгерушісі болып бекітіледі. Бір жылдан кейін аудандық Кенес атқару комитетінің есепшісі жұмысына ауысады. 1962 жылғы қыркүйекте атқару комитетінің жалпы бөлім меңгерушісі, одан кейін 1953 жылғы Амангелді өндірістік парткомның хатшысының көмекшісі. 1965 жылдың қазанында Амангелді жұмысшылар кооперациясының жарнашылар жиыналысында басқарма төрағасы болып сайланды.



1965 жылы қарашада аудандық аурухананың экономисі, 1967 жылы маусымда аудандық оқу бөлімінің бас есепшісі, 1974 жылы ақпанда Амангелді коммуналдық шаруашылық есептегі мекеменің аға есепшісі, 1977 жылдың қантарында оқу бөлімінің бас есепшісі, 1986 жылы зейнеткерлікке шығады. 1986 жылы мәдениет бөлімінің бас есепшісі.

Байдақ Молдашұлы коммунистік партия тарағанша оның мүшесі болып жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Атқару комитетінде, оқу бөлімінде, коммуналдық шаруашылықтағы есеп мекемесінде, бастауыш партия хатшысы болды.

Республикалық кәсіподақтар комитетінң бір сайлау пленум мүшесі болады өмірінің соңғы сағатына дейін облыстық ардагерлер кеңесінің пленум мүшесі, аудандық кеңестің алқа мүшесі болып келді.

Б. Молдашұлы есеп қызметін жақсы меңгерді. Ол бірнеше есеп қызымыткерлерің тәрбиелеп, оларға ақыл кеңесін беріп отырды.

Байдақ Молдашұлы соғыстағы ерліктері үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және басқада 6 медальдармен марапатталған.

Байдақ Молдашұлының шығармалары



Қатарынан қош ілгері туған Бәкен ел мен жер, би-шешендер, елдегі зиялы азаматтардың еңбек жолдары, жақсы игілікті бастамалары туралы сыр шерткенде ешбір жалықтырмайтын. Есеп қызметімен қатар, ақындық дарындығының нәтижесінде «Көк шағыр» поэмасы, «Аманкелді түлектері», «Достық» атты өлең жырлары жеке кітап болып шықты. Аудандық облыстық газеттерден бастап «Жұлдыз» «Сарыарқа» журналдарына көлемді жыр толғаулары жарық көрді. Аға өлең - жырдың дүлдүлдері, дарабоз Сырбай Мауленов, Ғафу Қайырбеков ақын ағалар, менің осындай ақындық жолыма осы кісілер көп ықпал еткен.

Байдақ Молдашев – байырғы партия, Совет қызметкері, Ұлы отан соғысының ардагері.

Байдақ Молдашев ауданға келген бар басшылар мен облыс көлеміндегі, одан қалды республика көлеміндегі, санаулы жандармен сыйлас, дос, қимас қадір иесі болған, дейді халық.

Жыл артына жалдар ауысар. Бірақ, өзіңе іңкәрлікпен қарар оқырмандары, алтын діңгек – елі барда Байдақ аға рухы ешқашан өлмейді. Ол кісіге сыйластық пен қарайтын тілектес жандардың көңіліне әрдайым жасай береді. Асылы, жанына жаз, жүрегіне жомарттық орнаған жандардың шұғыласы тым әріге тараса керек.

Көшкінбай Кенебаев

Әли арық

Бас қосып, өзен жайлап, өңшең кедей
Достасып, бір тұтасып, мен, сен демей.
Артель боп өз әлінше елу түтін,
Біріккен құрыш болат көк селбедей.
Тұрғанда атырапты аштық жайлап,
Алдағы күні бұрын астықты ойлап,
Сол жерде тұнғыш артель туын тігіп,
Ортадан шығармақшы басшы сайлап.
Деді жұрт:- Ел боп енді құралайық,
Қол жайып көктен көмек сұрамайық,
Басқарсын жаңа артельді жалынды жас,
Жігерлі, жайсаң Молдаш Құдабаев.
Әкеден жастай қалған жетім еді,
Шын алмас қайрауымен жетеледі.
Тақсырет тауқыметін тартып жүріп,
Буыны көк құрыштай бекінеді.

Автордың «Әли арық» атты поэмасы да оның кең тынысы, қарымды қаламгер екендігін айқындады.

Поэманың тілі көркем, оқиғасы тартымды, болған оқиға ізімен жазылған бұл шығарма тарихи шындықты бейнелейтін жас ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор еңбек деуге болады.

Әдеби орта десе жоғалғаны табылғандай қуанып ақтарыла түсетін Қолына қалам ұстаған аға ақ жайлау көңілімен әлдилеп сұлу сазы, Оның елім деп елжіреп соққан жүрегі. Кезінде шығармашылық жұмыспен айналысуға мүмкіндік болмаған. Міне Бәкеңнің өлең өрісіне кенжелеп шығуына да себептер болса керек. Бәкеңнің кейінгі ұрпағына мұра етіп қалдырған «Байқадам» дастандары, басқа сан алуан өлең жырлары бізге өмірдің өзіндей болып көрінеді.

Ол танымал ақын, жазушы, қайраткерлермен бірегей өнер тарландарымен де, аралас – құралас болып өзін құрметтеп, өзгені асқақтата білген. Ақиық ақындар Сырбай Мауленов, Ғафу Қайырбеков, жазушы Сабит Досанов, Қоғабай Сәрсекеев, ақын Серік Тұрғынбеков, ғалым Сапабек Әсіпов, ақындар Бақыткерей Ысқақов, Серікбай Оспанов, Қоңысбай Әбілов, басқада есімі елге танымал жандар.

Аудандық кітапханада Байдақ Молдашұлының 90 жылдығына орай мұражай жасақталды. Қолжазбалары, баспасөзге басылған жыр-толғаулары бар. Ақынның «Батырдың ұрпақтары», «Достық» кітабы, Б.Каралдинге арналған монологтары, оқушылардың ел тағдыры – жер тағдыры туралы шығармалары арқау болып келеді.

Сағыныш

Сағындық дауысыңды, Байдақ аға.
Ортада жүрушедің, жайнап аға.
Түскенде сөз сайысқа талайлардың.
Тілдерің тастаушедің байлап аға.
Мәз болып маңайыңда жүруше еді.
Ауылдың бетке шығар қаймағы, аға.
Қайтейік, қанша атыңда атағанмен,
Қайтадан оралмайсын, қайран аға...

Қонысбай Әбіл

Қасірет пен қуаныш

Елу жыл әкең үйден кеткенде,
Дауысың құлағына жетпеліме.
Артына қимастықпен бір қарады,
Ат тіреп Әли арық өткеліне.
Егілмей өткенді жәй еске аламыз,
Аталар ерлігіне тамсанамыз.
«Батырдың ұрпақтарын» үлгі тұтып,
«Әкені еске алу» деп ән саламыз.

Бөгетбай Әлмағанбетов

Әуелден сөзге шешен, ойға дана,
Ылғи біз кездесейік тойда ғана.
Атағын шығара бер көкшағырдың
Ақындық қуатыңмен байдақ аға!

Серік Тұрғынбеков

Байдақ ағаға

Алатаудан жыр жүгін арқалаған,
Ассалаумалейкум, арқалы ағам.
Елдің тойын, ер ісі, ерен жиын,
Бір өзіңсіз өмірі тарқамаған.
Гүл оралсын ақындық қадамыңа,
Ылайықты жыршы бол заманына.
Тәнті болсын табиғат басын иіп,
Кеш оралған өрелі талаңыңа.

Н. Бектемісов

Құлашы кең қаламгер

Көрнекті жазушы Ақан Шайдахметұлы Нұрманов 1933 жылы 30 сәуірде Талдықорған облысы Ақсу ауданында дүниеге келген. Ақанның әкесі Шайдахмет Алаш қозғалысына қатысқан. 1927 жылдан кейін қудалануға іліккен Шайдахмет Талдықорған облысынан кетуге мәжбүр болды. Ұлы Отан соғысында шейіт кетіп, өз әкесінің ата мекені Қостанай облысы Аманкелді ауданында тұратын Шаймерден ағасының қолында тәрбиеленеді.

Ол 1951 жылы Аманкелді орта мектебін үздік бітіргеннен кейін Қазақтың тау-кен институтында оқып, кейін Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөлімін тәмамдады.

Жас маман еңбек жолын өзінің өскен елі Аманкелді аудандық «Социалистік шаруа» газетінен бастады. Мұнда ол очерктер жазып елге танылды. Оның жүйрік қаламынан туындаған небір жазбалар, сол кездегі қарапайым халықтың тыныс-тіршілігін жан-жақты суреттеді.

Талантты журналист Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» газетіне қызметке шақырылады. Мұнда Ақан Шайдахметұлы өзінің жазу шеберлігімен, терең білімділігімен құрметке бөленді. Қаламы ұшқыр журналист республикалық «Лениншіл жас» газетіне ауысады. Қазақ даласында бастаған тың және тыңайған жерді игеру майданында Ақан дихандар ортасында

болып, астықты өлке туралы жазылған очерктер мен мақалалары шығарылады. Оның жазу стилінен өзгешелік байқалатын. Ол тақырыпты өмірдің нақты көріністерімен бейімдеуге ұмтылатын. Тілі өте құнарлы, ойы терең, шебер суреткер. 1964-68 жылдары арасында «Жұлдыз», «Балдырған» журналдарында жауапты қызметтер атқарады. Москвадағы әдебиет институтын бітіреді.

Ол жазушылыққа бірінғай бетбұрыс жасайды. Оның жазған «Арайлы таң», «Күн ертеңге ауып барады», «Аққу шоғыры», «Ымырт», «Әкеңнің көзін көрген өлмесін», «Құланның ажалы», «Солай болған екен», «Ор», «Жалғыздық», «Әке», «Күзде ашылған гүл» атты повестері мен бірнеше әңгімелері бар.

Жазушы Ақан Нұрманов «Құланның ажалы» романын жазып, сол кездері қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық әкелді. Роман жазылуы жағынан зор ілтипатқа ие болды. Әдебиет сыншылары айрықша бағалады. Романның кейіпкері – Аманкелдінің үзеңгілес серігі сарбаз, қол мерген Кейкі батыр. «Құланның ажалы» романы мен повестері орыс, чех, славян, неміс тілдеріне аударылды. Қазақтың көрнекті жазушысы Ақан Нұрманов 1968 жылы 34 жасында қайтыс болады.

Кейкі туралы қазақ жазушыларының классиктері іштен тынып жаза алмаған шығармаларын Ақан тудырып, ұлы ерлік жасады. Талантты жазушы сөйтіп халық сүйген қаһарман батырды қайта тірілті. Ақанның құдай қосқан қосағы – Жібек екеуінің Тана, Роза, Әли, Анар есімді ұл-қыздары бар. Олар жоғары білімді мамандар. Жұбайы Жібек: «Он бір-ақ жыл отасқанда бір-бірімізді танып та үлгірмеген сияқтымыз, есесіне тату-тәтті ғұмыр кешіп өте қатты сыйластық» дейді.

Талантты жазушының атында Аманкелді ауданында ескерткіштің ашылуы ел жадында қалар тарихи оқиға болды. Оған ескерткішті халқы қойды. Нұрмановтардың әулетіне құт-береке дарыған шаңырақ. Осы ұрпақ шетінен дарынды, қабілетті. Ғалым да, ұстаз да, ақын да, журналист те, қайраткер де осы әулеттен шыққан. Байғабыл кеңшарында көше, кітапханаға аты берілген.

Лебіздер

Жазушы Қалихан Ысқақов: «Мен Ақанды 1952 жылдан бастап білетін. Университетте бірге оқып, бірге жүрді. Ақан көп оқитын білімді еді. Бес жыл бойы кітапханадан шыққан жоқ».

Жазушы Әкім Тарази: «Ақан әлі күнге дейін зерттелген жоқ, Ресей кеңес саясаты Ақанға кезінде менсінбеген қыр көрсетті. Ақан жазған «Аққу шоғыры», «Құланның ажалы» сияқты туындыларын басқа өтімді, пысық, жағына білетін қаламгер жазғанда, ол сол уақытта-ақ классик атанып кетер еді. Ақан шығармашылығы коммунистік идеяға келе бермейтіндіктен партия оған ниет білдірмеді. Басыбайлы ел жазушының ақанша жаза бастауын олардың қауіппен қарағаны қатты аңду болды, оны Ақанның өзі де сезген жоқ».

Бақытжан Майтанов, профессор: «Өткен ғасырдың 60-шы жылдары қазақ әдебиетіне бір топ талантты прозаиктер келді. Солардың бәрі де: Р.Токтаров, Қ.Ысқақов, Ә.Тарази, С.Мұратбеков бар есімді айрықша қадірлегені анық. Ол жұлдызы жана бастаған шағында жарқ етіп сөнген қыршын жас, болашағы зор дарын иесі Ақан Нұрманов сыйласса да бір-бірін мойындай беруге құмар келмейтін орынды жас жазушының ықыласын аударған Ақанның сыпайы ұстамды мінезі ғана емес, бастауын биіктетіп алып, асықпай, байыппен ағатын терең өзендей тұнық, сұлу сырлы суреткерлік өнері еді».



Әлмағанбетов Бөгетбай Амангелді ауданындағы Торғай өзенінің Қабырға саласындағы Таймас қыстауында 1927 жылдың 13 қыркүйегінде шаруа әулетінде дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдарында ауылдық және аудандық мектептерде оқи жүріп аудандық газетке корректор болып жұмысқа орналасады. Соның нәтижесінде, ол қысқа мерзім ішінде әдеби қызметкер, жауапты хатшы қызметтеріне көтерілді. 1952-1954 жылдары Амангелді аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі болып тағайындалады. 1956, 1960, 1964 және 1974 жылдары аралығында «Социалистік шаруа» («Тың шұғыласы» - «Целинная заря») газетінің редакторы болып қызмет атқарды. Б. Әлмағанбетов Торғай тыңын игеруге белсене қатысушылардың бірі Жоғары білімді журналист. Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Еңбек жолын соғыс кезінде әртүрлі жұмыс істеуден бастаған. 1946 жылы комсомол, партия қызметтерінде болған. Б. Әлмағанбетов ұзақ жылдар аудандық газет редакторы болды. Аудан экономикасын көтеруге жан-жақты атсалысқан.



Деріпсалдин Қалибек 1953 жылы 10 қаңтарда Қостанай облысы, Амангелді ауданында дүниеге келген.

Әкесі Деріпсалды Жұмабайұлы колхозда завхоз болып, кейнен бақташы болған «Әкенің балаға берер ең жақсы сыйы – ол тәрбие дейді өмір көрген үлкендер. Деріпсалды ақсақал өнерден қара жаяу қалмаған жан. Домбыра шертіп, өлен шығаратын өнеріде болған. Сонымен қатар әкесі қара күш иесі атанып, белдескен адамның жауырының жер иіскететін балуан болған кісі

Анасы Мағия Досмағанбетқызы Торғай мен Амангелді аудандырындағы алғаш құрылған колхозаралық филармония мен театр ұжымында әнші болған. Бұл ұжымға Торғай-Қостанай өңірлеріне есімі жақсы таныс - халық ақыны Нұрхан Ахметбеков жетекшілік еткен.

Осындай өнерлі жанұяда өсіп, өнер тарландарының көзін көрген Қалибек аға ән әлеміне жалпы өнер деген құдіретке құштар болады. Сазды әуенге бала күнінен ғашық болған Қалибек аға мектеп қабырғасында жүргенде саз аспаптарында шебер ойнайды. Әсіресе қазақтың қара домбырасында, гармон, баянда және басқада аспаптарда ойнағанда жұрты ерекше күйге бөлеп, олардың жандарын тебіріетіп жіберетін. Қалибек Деріпсалдин мектеп қабырғасында жүргенде өзінің «Лениншіл» атты алғашқы күймен республикалық оқушылар байқауында лауреат атанған. Жамбыл қаласында аталған училищеде оқып жүрген кезінде бойындағы өнерге деген қабілетін таныты, көркемөнерпаздар ұжымдары арасында қатарынан үш рет Жамбыл облыстық фестивалінің лауреаты атанды. Ол жас сазгер ретінде алғашқы өнер жолын Жамбыл облыстық филармониясының «Алатау» эстрада ансамблінен бастайды. Сол кезде атағы дүрілдеп бүкіл одаққа танылған өнер ұжымына қызмет істеу жас Қалибек ағаға көрсетілген үлкен құрмет еді.

Әнші, күйші, сазгер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, халық ағарту ісінің үздігі. 1970 жылы Амангелді орта мектебін бітіріп, 1973 жылы Жамбыл атындағы мәдени-ағарту училищесін қызыл дипломмен тәмамдаған. Музыкант ретінде алғашқы өнер жолын

Жамбыл облыстық филармониясының «Алатау» эстрада ансамблінен бастайды. 1980 жылы Торғай облысының Қима аудандық мәдениет бөлімін басқарып, «Гүлдәурен» халық аспаптар ансамблін құрды. Ол «Көктем қыздар», «Торғай әуендері», «Айлы түнде», «Домбыра сазы», «Ерке құсым» ән топтамалары мен «Қимадым ғой» деп аталатын партитуралар жинағын

1982 жылы Амангелді аудандық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі болып қызмет атқарып, осы жерде «Торғай толқыны» халық аспаптар ансамблінің құрған. Ансамбль республикада ғана емес, шет елдерде де танымал болды. Осы уақытта Амангелді ауданының Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепте «Көктем гүлі» атты ән-би ансамблін құрып. Ансамбль қысқа мерзім аралығында аудандық және облыстық байқаулардың лауреаты атағын алып та үлгерді.

1984 жылы Алматы қаласында өткен Кенен Әзірбаевтың 100 жылдығын мерекелеу күніне арналған қыл қобызшылар сайысында республиканың 19 қобызшысы арасында 1 – орынды иленді.

Бүгінгі таңда композитор Қостанайдағы «Мирас» ұлт-аспаптар ансамблінің әншісі. 2 рет КСРО композиторлар одағының, Қазақстан композиторлар одағының дипломдарымен марапатталған. 2005 жылы Қостанай жомарттар клубының «Қазына» сыйлығын алды. 2006 жылы Астана қаласында өткен «Елім менің» атты республикалық патриоттық әндер байқауының «Тәуелсіздігімізге 15 жыл» және «Аманат» номинациялары бойынша екі мәрте жеңімпазы атанды. 2007 жылы Уфа қаласында ұйымдастырылған халықаралық байқауда жүлдегер атанды. Сазгер 130 - дан астам әндер мен бірнеше күйлердің авторы. Амангелді аудандық маслихатының 21.01.2008 жылдың № 38-ші шешімімен Амангелді ауданының «Құрметті азаматы» атанды.

«Қазақ КСР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері», Қазақстан композиторлар одағының мүшесі, «Қазақстан Республикасының халыққа білім беру ісінің үздігі», Қостанай облысы «Амангелді ауданының құрметті азаматы», Н. Ә. Назарбаевтың 2016 жылғы 5 желтоқсандағы жарлығы бойынша «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Қостанай ауданының әкімдігі осындай үлкен өнер иесіне лайықты құрмет көрсетті. Өйткені, Қалибек Деріпсалдыұлы осы ауданда табаны күректей он бес жыл бойы қызмет етті. Аудан мәдениеті мен өнерінің дамуына қомақты үлес қосты. Жергілікті мәдениет үйінің жанынан ұлт-аспаптар ансамблін құрып, қазақ өнерін көпшілікке кеңінен насихаттай білді.

Анасы Мағия – әнші, әкесінің інісі Кенжеғали Жұмабеков күйші болған. Анасы мен әкесі де халық ақыны Нұрхан Ахметбеков ұйымдастырған колхоз-совхоз театрында қызмет істеді. 1949 жылы Кенжеғали Қазақстан өнер декадасына қатысып, күй тартыстан жүлделі үшінші орынға ие болды. Аталары қобызшы Қазыбек Әбенов, әнші Байқоныс Мұхамеджановты көріп үлгі алып, ағалары – өнердегі алғашқы ұстазы Аманбай Мұқышев пен қазақтың атақты композиторы Әсет Бейсеуовті өнерімен тәнті етіп, ақ баталарын алды. Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері композитор Болат Хамзин, дәулескер күйші Айтбай Мұзаханов, Қайыржан Мақанов, Жұмағали Өмірбеков, Нұрхан Исламиевтердің ақыл-кеңесін тыңдады.

Өнердің өрге өрісінде,
Бозбала көзге түсті көп ішінде.
Әдемі әсем сазды ән-күйімен,-

Танылды ел-жұртына он үшінде, - деп ақын ағаларының бірі жырға қосқандай, қырық үш жасында дүниеден озған анасына арнап 13 жасында тұңғыш «Анама» әнін шығарса, көп ұзамай-ақ «Үш бәйтерек» күйі, «Аққуым», «Достар» әндері сол мектеп қабырғасында жүргенде қияға қанат қақты.

Жамбыл қаласындағы мәдени-ағарту училищесінде оқып жүріп (1970) Жамбыл облыстық көркемөнерпаздары қатарында үш рет лауреат атанады. Оқи жүріп Жамбыл облыстық филармониясы жанынан құрылған «Алатау» эстрадалық ансамблінің құрамында ән шырқап, өнерін ұштай түсті.

Кейін өзі туып-өскен Амангелді, Қима аудандарында, Арқалықта өнер ұжымында қызметтер атқара жүріп қаншама ансамбльдер құрды. Арқалық қаласында «Торғай толғауы», «Балауса» қимада «Гүлдәурен», Аманкелдіде «Торғай толқыны», «Көктем гүлдер» ансамбльдері соның айғағы. Бүкілодақтық республикалық фестивальдердің лауреаты 1990-1993 жылдары Алматы қаласының Орталық концерт залында, 2003 жылы Астана қаласының Президент сарайында шығармашылық концертті өтті. Әндер талай-талай республикалық, облыстық ән байқауларында жүлделі орындарға ие болды. Солардың бірі 2006 жылы Астана қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің ұйымдастыруымен Тәуелсіздігіміздің 15 жылдығы мерейлі мерекесіне арналған III Республикалық «Елім менің» патриоттық әндер фестиваліне қатысы, конкурсқа ұсынылған 91 жаңа туындының ішінде қазылар алқасы 13 әнді үздік деп таныса, солардың қатарында Қалибектің екі бірдей «Ер Жәңібек» (өленің жазған Серік Тұрғынбеков), «Сарыадырым» (өленің жазған Хамитбек Мұсабаев) әнінің болуы.

Қ. Деріпсалдинің осындай ойнақты, кейде ойлы, кейде сырлы мәтіндерге жазылған даланың қыранындай қалықтап, енді бірде құландай құйығытып, көңілді көтеретін, енді бір елдің ерке самалындай баурап жан серітетін әндері ел аралап кеткелі қашан.

Кешегі желдің гуіліне, нәрестенің уіліне, құс қанатың суылына, қамыстың шуылына, ат тұяғының түбіріне құлақ түріп, табиғат сазын әнге айналдырған сол қара бала осы сазгер Қалибек Деріпсалдин ағамыз болатын.

Қ. Деріпсалдин өзінің өзгелерден өзгеше өнерімен бойына біткен табиғи талантымен еліне танылып, жұртына жұғысты болып жүрген жан. Себебі ол кез келген жанның жүрек қылын тербейтін әуезді әндермен, күмбірлеген күйлерімен көңілінді көке көтеретін сазгер әрі әнші. Дара талан иесінің ел ішінде ерекше құрметке бөленуі оның туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігінен, тылсым табиғаттын тілін түсінетіндігінен, бойына біткен бөлек сазгерлік қабілетінен деп білеміз.



Ақылбек Қожаұлы Шаяхмет 1951 жылы 17 маусымда Қостанай облысының Жетіқара ауданында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, Мәскеу қаласындағы Әдебиет институтын бітірген. Алматы облыстық «Жетісу», Қостанай облыстық «Қостанай таңы» газеттерінде, облыстық телекомпанияда жұмыс істеді. «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымы басқармасының төрағасы, Қазақстан Жазушылар одағының Қостанай және Торғай облыстары бойынша әдеби кеңесшісі, облыстық тіл басқармасы бастығының орынбасары, ұлт саясаты жөніндегі облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті қазақ және орыс филологиясы институтында директор, журналистика факультетінде декан болып қызмет атқарды. «Азия-Транзит» (Қарағанды), «Сарыарқа» (Астана), «Жас қазақ» журналдарының ақылдастар алқасының мүшесі. Қазір Қостанай мемлекеттік университеті Медиа орталығының директоры.

Қазақ және орыс тілдерінде поэзиялық және прозалық кітаптары шыққан. Шығармалары шетел тілдеріне аударылған. Балаларға арналған «Күлімдеді күніміз», «Гүл мен бидай», «Біздің бақша», «Шынар», «Аяз және Қыдыр» атты кітаптары жарық көрген. Өлеңдері орыс мектептеріне арналған оқулықтарға енгізілген. «Ақсұлу» тарихи драмасының, «Алғыс пен қарғыс немесе жарық пен көлеңке», «Таза бұлақ» пьесаларының, «Ақсұлу» атты радиопьесаның, «Наурыз тойы келгенде», «Алаштың асылы» қойылымдарының авторы.

Бұқар жырауға және Бейімбет Майлинге, Нұржан Наушабайұлына арналған республикалық жыр мүшәйраларының жеңімпазы. Қостанай Жастар үйінің, Бүкілодақтық әуесқой шығармашылық фестивалінің лауреаты. «Ана тілі» газетінің лауреаты. А.Байтұрсынов атындағы медальмен, «Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 2007 және 2008 жылдары өткен «Астана-Бәйтерек» республикалық ұлттық конкурсының жеңімпазы, «Дарабоз» бәйгесінің жүлдегері.

Жұмабек Ташенов

Жұмабек Ташенов Аты Жұмабек Ташенов Қызмет саласы Саяси қайраткерлер Қазақтың біртуар азаматы, белгілі қайраткер Жұмабек Ташенов туралы Тарихты тұлғалар жасайды Қазақтың біртуар азаматы, белгілі қайраткер Жұмабек Ташенов туралы Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Фелманұлы Аяғанның редакциясымен «Ұлы Дала тұлғалары» сериясы бойынша жарық көрген ғалымдар Сейітқали Дүйсен мен Қанат Еңсеновтың «Жұмабек Ташенов» атты ғылыми зерттеу еңбектері осы мақсаттан туған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің тарапынан бекітіліп, «Ғылыми қазына» мемлекеттік бағдарламасы аясында оқырманға жол тартқан бұл еңбек кезінде тоталитарлық жүйеге қарсы тұрып, елінің бірлігі, жерінің тұтастығы үшін күресіп, содыр саясаттың соққысына ұшырап, түрлі қиянаттарды бастан

кешірген кесек тұлғаның қайраткерлік келбетін ашып, жас ұрпаққа оның кісілік парасатын, перзенттік адалдығын, азаматтық ірілігін, ұлтжандылығын үлгі етуді мұрат тұтқан. Жұмабек Тәшенев тәрізді тұлғалар туралы тарихи кітап жазу, олардың еліне, халқына сіңірген еңбегіне баға беру — аса жауапты іс, Отан тарихы ғылымы бойынша зерттеу жұмысымен айналысушылардың ерекше мән беріп, кезең ақиқатын ашып, терең зерделенуге тиісті тақырыптардың бірі. Өйткені, осындай ұлт қайраткерлерінің бейбіт күндегі ерліктері туралы әңгіме көп. Халық өзі сүйген перзентінің іс-әрекетін, аңызға айналдырып, оны кейде ел тілегінің символына айналар ертегілік кейіпкерге айналдырып жіберетіні-де бар. Сондықтан мұндай зерттеулерде нақты айғақтық деректерге, құжат мәліметтеріне сүйене отырып, шындық пен әсірелеудің ара-жігі ашылып, тарихи бағасы берілуі шарт. Сонда ғана оның өмірі мен қызметі, тұлғалық болмысы жан-жақты қамтылып, ұлтжандылық қасиеті кеңінен ашыла түспек. Қайраткердің кеңестік дәуірде қызмет жасаған уақыты өте қиын кезең болды. Ол соғыс алдындағы ашаршылық пен қуғын-сүргінді көрді. Бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпай жатып, тылдағы халықтың ауыр еңбегін бірге бөлісті. Тың және тыңайған жерлерді игеру науқанынан басталған жер мәселесіндегі құйтырқы саясатқа қарсы тұрып, қаймықпай күресті. Елім, жерім дегені үшін үкімет басшылығынан алынып, облысқа қуылды. Бұдан кейін-де кеңестік жүйе тарапынан әділетсіз жасалған тепіріштер аз болған жоқ. Бірақ мұның бір-де бірі оны мұқата алмады. Қазақ халқының қайтпас қайсар ұлы алған бағытынан қайтпады, билікке иілмеді, мансапқа сатылмады, перзенттік адалдығын, азаматтық ірілігін сақтап қалды. Осы уақытқа дейін қазақ халқының осындай біртуар абзал азаматы жайлы арнайы зерттеу еңбектің жазылмай келгендігі ойланарлық жағдай. Тек ел тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ол жөнінде көзкөргендердің естеліктері мен газеттік шағын мақалалардан құралған бірнеше жинақ жарық көрді. Алайда олардың бәрі бірдей мұрағат деректеріне негізделмеген, ғылыми нақтылығы шамалы дүниелер еді. Сондықтан да авторлар тақырыптың зерттелу аясын кеңейтіп, қайраткердің өмірі мен қызметіне қатысты мұрағат деректерін тауып, оларды кезеңдік мерзімдерге қарай жүйелеп, еңбектердің әрқайсысына жан-жақты тоқталып өтіпті. Авторлар қайраткердің өмір жолы мен қызметіне қатысты мұрағат деректері бұрын жарық көрген мақалалар мен естеліктер жинақтарында пайдаланылмағанын ескеріп, өз зерттеулерінде мүмкіндігінше кеңінен қамтуға күш салып, деректердің аса құндылығы мен маңыздылығына мән берген. Сонымен қатар, қайраткердің бұрын жарияланбаған сөйлеген сөздері мен құжаттардағы қолтаңбалары байқалады. Бұларды халық қалаулысы болған азаматтың еліне сіңірген ерен еңбектерін айқындар нақты айғақтар деп білуге болады. Оларды ғылыми айналымға ендіру зерттеу еңбектің тақырыбын ашып, құндылығын арттыра түсуге көмектесері сөзсіз. Еліне адал қызмет жасаған қоғам қайраткерінің өмірлік ұстанымдары мен адамгершілік, азаматтық қасиеттері жайында замандас, үзеңгілес достары, аға тұтып, қамқорлығын көрген азаматтар осы күнде-де сол бір қазақтың батыр ұлы туралы естен кетпейтін естеліктерін жариялауда. Олардың өзін мазмұн-мағынасына қарай бірнеше топқа бөліп, тарихи дерек ретінде қарауға болады. Мысалы: қайраткермен бірге қызметтес достарының естеліктері; ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысқан

уақытындағы әріптестерінің жазғандары; туыстарының жазған естеліктері; әр кезде түрлі жағдаймен алдына барып, оның жанашырлық қамқорлығын көрген азаматтардың естеліктері және т.б. Кітапта айтулы азаматтың болмысын жан-жақты ашып, қайраткерлік тұлғасын боямасыз шынайы көрсетуге септігі тиер дереккөздерін мүмкіндігінше молынан қамтып, оларды ғылыми зерде сүзгісінен өткізіп, сараптауға ерекше мән беріліпті. Түптеп келгенде зерттеу еңбекке қойылған талап та осы болатын. Кітап авторлары Жұмабек Тәшенев тұлғасын кеңес заманындағыдай біржақты мақтап дәріптемеген, елі мен жерінің тұтастығын қорғаған, еш кемшілігі жоқ ертегідегідей батыр етіп те суреттемеген. Бұл арада Отан тарихын зерделеудегі жаңа концептуалды көзқарасты негізге алғандары байқалады: Жұмабек Тәшеневті социализм тұсында оқып білім алған, тәрбиеленген, социализм идеясына сенген және сол қоғамға адал қызмет еткен қайраткер ретінде қарастырып, болғанын болғандай әділ жазады. Мәселен, қайраткердің мінезіндегі кейбір кемшіліктерді (ұсынысын қабылдамаған сәтте қызуқандылықпен «бетің бар, жүзің бар» демей айтып салып ренжітуі, кейін артық кеткенін түсініп кешірім сұрауы, кемшілігін төменнен сынағанда ауыр қабылдауы, т.б.) ашып жазулары соның бір дәлелі. Бұған кітаптың 77-ші бетін ашсақ, тағы да көз жеткіземіз. «Әрине, жұмыс болған соң кемшіліксіз болмайды. XVI ғасырда өмір сүрген неміс ойшылы М. Лютер „Сүйегі жоқ балық болмайтыны сияқты, кемшілігі жоқ адам да болмайды“ деген екен. Сондықтан, авторлар Ж.А. Тәшенев осы облысты мінсіз басқарды, ешқандай қателік, кемшілік болмады, тек қана табыстарға жетуден тұрды деуден аулақпыз. Облыстық, республикалық жиындарда бұл қайраткердің атына кемшіліктер, талай сындар да айтылды. Мәселен, 1955 жылы облыстық партия активі жиналысында коммунист П. Г. Коломойцевтің „Ж. Тәшенев кейде сынға төзбейді“ деген пікірін Жұмабек Ахметұлы мойындаған», — деп көрсетеді. Республика Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметін басқарған (1955–1961 жж.) уақытта Ж.А. Тәшенев республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына, мәдениеті мен өнерінің дамуына үлкен үлес қоса білді. Авторлар Қазақстан мүддесін қорғауға сол кезде басшылық қызметте жүрген орыс ұлты өкілдерінің де түсіністікпен қарап қолдағанын да шынайы көрсете білген. Мәселен, Тың өлкесінің бюджетін, басқа да мәселелерін Қазақстан басшылығы емес, тікелей Мәскеуде шешуге Ж.А. Тәшенев қарсылық көрсеткенде, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің бірінші орынбасары Григорий Андреевич Мельниктің оны қолдағанын авторлар әділдікпен жазған. Ж.А. Тәшенев республиканың Жоғарғы Кеңесіне басшылық еткен тұста Мәскеуден «Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданын Өзбекстанға беру жөнінде ұсыныс енгізіндер» деген нұсқау келеді. Осы мәселе бойынша Ж.А. Тәшеневтің төрағалық етуімен арнаулы комиссия құрылады. Ол төрағалық еткен комиссия Мәскеудің бұл ұсынысын мақұлдамайды. Комиссия мәселені қарастыра келе, «Бостандық ауданының жері мал өсіруге ыңғайлы, құрылыс материалдарын өндіруге, су-энергетикалық қоры мол, қорғасын, көмір және машина жасау өндірістерінің жұмыскерлері демалатын санаторийлер ұйымдастыруға өте қолайлы. Сондықтан бұл ауданды Өзбекстанға беруді тиімсіз санаймыз» деген шешім шығарады. Комиссия шешімі 1955 жылдың 1 маусымында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Л. И. Брежневке жіберіледі.

Абырой болғанда Л. И. Брежнев Ж.А. Тәшенев төрағалық еткен комиссияның қорытындысына қарсы келмейді. Қайта қолдау білдіріп, «Бостандық ауданы Өзбекстанға берілмесін» деген қаулы қабылдайды. «1960 жылы қыстың қаттылығынан жем-шөп жетіспей, елімізде малдар қырыла бастайды. Үкімет тізгінін енді қолына алған Ж.А. Тәшенев бар жауапкершілікті өз мойнына алып, мемлекеттік бөлінбес қордағы астықты аудан, облыстарға таратып береді. Бұл сол кезде Мәскеудің рұқсатынсыз Республика Премьер-Министрінің бассыздық әрекеті саналатын. Жұттың беті қайтып, көктем шыға осы ісі үшін жауапқа тартпақ болып, үкімет басшысын Кремль көсемдері шақыртады. Ленинград тұрғындары аштан қырылып жатқанда, С. М. Киров «мемлекеттік бөлінбес қорды» жұмысшыларға карточкамен таратқан. Осы үшін оның басы кеткен. КСРО тарихында содан кейін «мемлекеттік бөлінбес қорды» таратқан Ж.А. Тәшенев қана. Министрлер Кеңесінің Президиум залына кірген бетте Хрущевтің қасында отырған бірінші орынбасары Ф. Р. Козлов: - Одақтық қордағы астықты неге таратасың, Тәшенев? Рұқсатты кім берді саған? - деп үстелді тоқпақтап, дүрсе қоя береді. Ж.А. Тәшенев те қайтпай мінберге жетіп барып, Қазақ КСР-і Одақтың ішіндегі өз құқығы бар ел екендігін, өз байлығын қалай жұмсауды сол елдің үкіметі шешетіндігін дәлелдеп тойтарыс береді. Кеңес елі басшысының сенімді көмекшілерінің біріне қарсы одақтас республика өкілінің мұндай сөз айтуының өзі ерлік болатын. Осы оқиғаның куәсі болған Белоруссияның Мәскеудегі тұрақты өкілі Қазақ КСР-інің Мәскеудегі тұрақты өкілі И. Шәріповтің қолын алып тұрып: «Мынадай отты Премьерді бұрын-соңды көрмеп едім. Өзі жас екен. Бұл жігіт не аспанға шығады, не көп ұзамай орнынан түседі» деген екен. Дәл осы күні «Мәскеу» қонақүйінде КСРО-ның құрамындағы одақтас республикалардың осындай қызметкерлері арасында осы жиынға қатысқан тағы біреуі: - «Кеңес өкіметі құрылғалы бірінші рет мынандай үлкен жиында өз республикасының дербестігін айтқан сөз естілді. Енді көп ұзамай КСРО тарайды!» - деп басқалардан сүйінші сұрағандай айтыпты. Қазақ халқының жарқын болашағы үшін жанын аямай еңбек еткен Жұмабек Ахметұлын сол кездегі Кеңес Одағының құрамындағы одақтас республикалардың басшылары, жоғары лауазымды қызметкерлерінің көпшілігі білетін, құрметтейтін. Ж. Тәшенев басқа да ұлт республикалары басшыларынан қолдау тауып, олардан жеделхаттар, хаттар алып тұрған. КСРО басшысы Н. С. Хрущев «Тың өлкесін» Қазақстан құрамынан алып Ресей Федерациясына беру туралы ұсынысты республиканың басшы қызметкерлері негізінен қолдағанын айтып, осы мәселе туралы Ж.А. Тәшеневтен бұл туралы пікірін сұрайды. Жұмабек Ахметұлы бұл мәселенің шешілуі былай тұрсын, тіпті күн тәртібіне қойылуының өзіне қарсы екенін батыл айтады. Егер Қазақстан басшылығының, халқының қарсылығына қарамай қазақтың жерін бөлшектейтін болса ол халықаралық заңды мекемелерге дейін шағым беретінін мәлімдейді. Осындай табанды қарсылыққа кездескен Н. Хрущев Қазақстан басшылығы мен оның халқының пікірімен санасуға мәжбүр болып алғашқы ойынан қайтады. Бұл сталиндік зұлматтан кейін еңсесі түскен халықтың ұлттық рухын оятқан ерлік оқиға болды. Авторлар Ж.А. Тәшеневтің қызметінен қашан, қай жерде босатылғаны туралы нақты дерек береді. Ел арасында «Хрущев Тәшеневті Целиноградқа келген сапарында, жоқ Мәскеуде Кремльге шақыртып қызметінен

алыпты» деген алыпқашпа сөздер кездесетін. Кітап авторлары мұрағат деректеріне сүйене отырып, Мәскеу басшылығы Ж.А. Тәшеневті қазақстандықтардың қолымен Алматы қаласында қызметінен босатқанын дәлелдейді. Танымал тұлға туралы мінсіз, еш қатесіз кітап жазу өте қиын іс. Тұлғаға қатысты барлық деректерді бір қолға жинап алып зерделеу мүмкін емес. Авторлар кітаптың қорытындысында былай деп әділін көрсетеді: «Қазақтың асыл азаматы туралы алдағы уақытта ғалымдар тарапынан терең зерттеуді қажет ететін мәселелер баршылық. Мысалы, қаржының тапшылығына байланысты біз тақырыпқа қатысты Мәскеу мұрағаттарындағы құжаттарға (соның ішінде, әлі-де құпиялық мерзімнің толық аяқталмауы да бар) қол жеткізе алмадық. Сондықтан оқырман қауымға бұл еңбекті „тәшеневтану“ саласындағы алғашқы еңбектердің бірі ретінде ұсынамыз». Шынында да Ж.А. Тәшеневтің республика басшылығындағы қызметінде кейбір білім, ғылым, мәдениет саласындағы оқиғаларға, оған қатысқан адамдарға қатысты берген бағасына, іс-әрекетіне қатысты мәселелерді анықтай түсу қажеттілігі байқалады. Авторлар: «КСРО басшылығымен тайталаса жүріп, қазақ жері мен халқы үшін жасаған Ж.А. Тәшеневтің еңбегіне қазақ халқы оған мәңгілік қарыздар. Басқа ерліктерін былай қойғанда, егер сол кезде 5 облыс Ресей Федерациясына өтіп кеткенде, Қазақстан кемінде өз жерінің 1/5 айрылар еді. Болашақта тәуелсіз еліміздің бас қаласы болатын Целиноград қаласы жат қолында қалар еді. Міне, сондықтан халық жүрегінде сақталған абзал жанның жарқын бейнесін, есімін, ерлігін жаңғыртып отыру - бүгінгі ұрпақтың парызы», - деп түйіндейді. Авторлардың кітапты жазуда таза ғылыми стильге бой ұрмай қалың оқырман да қызығып оқитындай етіп жазуға ұмтылғандары байқалады. Ия, тарихты тұлғалар жасайды. «Тұлғасыз тарих болмайды» деген белгілі шындық бар. Біз-де қос автордың бұл ұжымдық еңбегі отандық тұлғатану саласына қосылған бір зерделі еңбек деп қабылдаймыз.

Әлім Қайсар



Әлім Қайсар - жазушы. 1947 жылы 9 қаңтарда, Қостанай облысы Жанкелдин ауданының Саға ауылында (қазіргі «Қызбел» шаруашылығы, Сарықопа өңірі) туды. Мамандығы – журналист. Қазақстан Жазушылар одағының, Халықаралық жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Ол белсенді ауыл тілшісі ретінде таныла бастаған 1969 жылы Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» («Қостанай таңы») газетіне жұмысқа шақырылды. Бастапқыда әдеби қызметкер, аға әдеби қызметкер, мәселені жедел қамтитын тілші болды. Кейін газеттің өнеркәсіп, құрылыс және көлік бөлімінің, пртия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті. 1990 жылғы тамыздан бастап 1997 жылғы сәуірге дейін республикалық «Егемен Қазақстан» («Социалистік Қазақстан») газетінің Торғай облысындағы меншікті тілшісі болып істеді. Облыс жабылған соң Ақмола қаласына келіп, облыстық «Арқа ажары» газетінде тілші, 1998-2000 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және





қоғамдық келісім министрлігінде бас маман болды. Ол 2000-2014 жылдары «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» ашық акционерлік қоғамында қызмет істеді.

Қ. Әлім «Жазушы», «Қазақстан», «Жалын», «Ана тілі», «Қайнар», «Фолиант» т.б. республикалық баспалардан шыққан 24 кітаптың авторы. Бұдан басқа 2007 жылы оның 8 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Сондай-ақ оның әдеби жазбасымен әр түрлі мамандық иелерінің атынан бес кітап республика баспаларынан жарық көрді. Көптеген көркем очерктері мен әңгімелері, эсселері мен көсемсөздері отызға жуық ұжымдық жинаққа енгізілген.

Алаш ардақтысы Міржақып Дулатовтың мәйітін 57 жылдан соң Карелиядан әкеліп, туған жері – Торғайға қайта жерлеу экспедициялық сапарының (1992 ж.) басы-қасында болған Қайсардың қаламынан «Мұңды сапар» атты тағылымы мол хикаят туды. Бұған дейін ол М. Дулатов ақталысымен-ақ, халқының тәуелсіздігі үшін күрескен осынау асыл азамат туралы танымдық маңызы зор бірнеше зерттеу мақалалар, деректі әңгімелер, эсселер жариялаған еді.



Марапаттары

«Бүкілодақтық социалистік жарыс жүлдегері» белгісі

Қазақстан Журналистер одағының, республикалық

«Жас Алаш» («Лениншіл жас») газетінің, «Ақиқат»

(«Қазақстан коммунисті») журналының Құрмет грамоталары

1998 жылы Қазақстан журналистер одағы М. Дулатов

атындағы сыйлығының иегері атанды.

Ел Тәуелсіздігінің 10 жылдығы құрметіне Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Алғыс хатымен» (2001 ж.)

2006 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

«Торғай қаласының құрметті азаматы» (2004)

Астана әкімі «Алтын қалам» конкурсының жеңімпазы (2008)

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері (2009)

Қазақстанның құрметті журналисі (2009)

«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі (2011)

Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты (2012)

Жанкелдин ауданының Құрметті азаматы (2013)

Қазақстан Журналистика академиясы «Алтын Жұлдыз» сыйлығының иегері (2013)

«Бейбітшілік әлемі» Алтын медалінің иегері (2013)

Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық «Құрмет Белгісі» орденінің иегері (2013)

«Әзілхан Нұршайықов» медалінің иегері (2014)

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (2014)

Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі (2015)

«Бейбітшілік әлемі» Халықаралық қазақ творчестволық бірлестігінің «Ұлт мақтанышы – Гордость нации» медалінің иегері (2015)

Мұсабаев Хамитбек

Мұсабаев Хамитбек - 1953 жылы 7 қазанда Қостанай облысы, Аманкелді ауданының орталығы Аманкелді селосында туған. 1970 жылы орта мектепті аяқтаған соң, Аманкелді ауданындағы «Қарасу» совхозында еңбек жолын бастаған. 1979 жылы Қазақ университетінің журналистика факультетін тамамдаған.

Хамитбек Қуандықұлы – қасиетті Торғай топырағынан шыққан алашшыл ақын. Жырлары ерекше өрнекпен өрілген Хамитбек Мұсабаевтың есімі көпшілікке таныс десек қателеспеген болармыз.

Торғай, бүгінгі Қостанай облысы Аманкелді ауданының түлегі, отызында орда бұзған талантты ақын Хамитбек Қуандықұлы Мұсабаев. Хамитбек ақын кейін Ахмет Байтұрсынов жайлы «Қаншеңгел», «Ахметтің соңғы күндері», «Наркескен» атты поэмалар шоғырын, Міржақып Дулатов туралы «Мағжанмен мақұлдасуы», «Міржақыптың соңғы монологі», «Абылай хан мен Бұқар жырау», «Нұрсұлтан Назарбаев», «Тәуелсіз Қазақстаным» атты күрмеуі қатты күрделі дастандар жазып, қырқында қамал алды.

Көрнекті ақын Серік Тұрғынбеков Хамитбек Мұсабаевтың шығармашылығы жайлы былай деп толғанды: «Сөз өнерінің қадір-қасиетін жанымен ұққан ақын інімнің «Наркескен» кітабына алғысөз жазу барысында оның көп оқып, көп ізденетініне және ақындық еңбегінің жемісті екеніне қаламдас ағасы ретінде қатты қуандым. Әдетте өлең жазушы көп те, шын ақын аз. Хамитбек – ақын. Ақын болғанда өлең-жырларынан көркемдіктің қуаты менмұндалып тұрған ақпа-төкпе ақын. Қуаныштысы, Хамитбекте жүректің отымен жазылған өлең көп. Соңымыздан осындай дарынды ақындардың келе жатқаны үшін қуана білуіміз керек деп ойлаймын. Сондықтан да оған өлеңде бағың жансын, бауырым! – деп ақ тілек білдіремін».

Ақын Хамитбек Мұсабаевтың Алаш ардагерлерімен қатарлас көп жырлаған, дөп жырлаған ең басты тақырыптарының бірі ғана емес, бірегейі – Тәуелсіздік!

Ел болып шырқар – басты әнім,

Ел болып жырлар – дастаным.

Бір өзің десем, артық па?

Тәуелсіз Қазақстаным!- деп жырлады.

Қабырғалы қазақ әдебиетінің қоржынына қомақты олжа салып жүрген бірі – шалғайда да шабыт барын талантты туындыларымен дәлелдеп келе жатқан белгілі ақын Хамитбек Қуандықұлы Мұсабаев «Ақ жол», «Ахаң – Жақаң ізімен», «Алаш-Орда арманы», «Наркескен», «Таразы» «Алаш аманаты» және басқа да бірқатар жыр жинақтарының авторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Бейімбет Майлин атындағы сыйлықтың, «Жігер», «Елім менің»



фестивальдарының лауреаты, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері.

Алты алашқа әйгілі Ғафу Қайырбеков, көрнекті ақын Серік Тұрғынбеков, белгілі жазушы Сабыржан Шүкіров, танымал ақын Нағашыбай Мұқатов, әдебиетші Торғын Уәшова, сөз қасиетін бір кісідей білетін эрудит Жайық Бектұров, т.б. қаламгерлер республикалық газет, журналдарда жарияланған мақалаларында Хамитбек Мұсабаевтың ақындық талантын жоғары бағалады.

Көрнекті ақын, боз даланың бозторғай жыршысы Есенбай Дүйсенбаевтың сөзімен айтсақ: «Талант үшін периферия жоқ». Елде де талант, шалғайда да шабыт бар. Елдегі қаламгерлер өздерін емес, Алматы мен Астанадағы ақын-жазушыларды насихаттайды. Үндемей жүріп үлкен істер тындырып жүрсе де өздері көп көзіне түспей, көп еленбей, тасада қала береді. Кісілігіне кішілігі сай сондай талант – Хамитбек Мұсабаев.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын 1971 жылы «Қарасу» кеңшарында жұмысшылықтан бастап, аудандық Пионерлер үйінде тәлімгер, директор болды.

1972 жылдан Аманкелді аудандық газеті редакциясында қызмет істейді. 1972 жылдан 1975 жылға дейін тілші, 1975-1977 жылдары бөлім меңгерушісі, 1977-1981 жылдары жауапты хатшы, 1981-1990 жылдары редактордың орынбасары болып жұмыс атқарған. 1990 жылдан бастап редактор және 2002 жылдан облыстық "Қостанай таңы" газетінің Аманкелді ауданы бойынша менішкті тілшісі. Бірнеше рет ауылдық және аудандық кеңестердің депутаты болды. 1990-1992 жылдар аралығында аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланды. 1994-2000 жылдар арасында бірінші шақырылған Торғай және Қостанай облыстары мәслихаттарының алғашқы депутаттарының бірі болып сайланды. 1983 жылы жас ақын-жазушылардың республикалық «Жігер» фестивалінің лауреаты атанды. Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы журналистер одағының мүшесі, Қостанай меценаттар клубы «Қазына» сыйлығының лауреаты (2006). Қазір Аманкелді аудандық "Аманкелді арайы" газетінің бас редакторы болып қызмет етеді.

1983 жылы жас ақын-жазушы-лар мен өнер иелерінің республикалық «Жігер» фестивалінің лауреа-ты атанып, 2003 жылы Қостанай облысы әкімінің сыйлығын алған. 2006 жылы Қостанай облысы меценаттар клубының тәуелсіз «Қазына» сыйлығын алған, 2006 жылғы республикалық «Елім менің» фести-валінің лауреаты.



Ақынның өлеңдері мен поэмалары 1973 жылдан бастап аудандық, облыстық және республикалық баспасөз беттерінде жарияланып тұрады. «Торғай топырағы» (1991), «Ақжол» (1992), «Ахаң-Жахаң ізімен» (1993), «Алашорда арманы» (1995), «Таразы» (2003), «Наркескен» (2006) атты жыр жинақтары жарық көрген.

Қаламгер атанып, сөз өнері мен баспасөз саласында ұзақ жылдар қызмет жасап келеді. Парасат биігіне қадам басқан ақын Хамитбек Мұсабаев өзінің саналы ғұмырында қасиетті топырағынан табан аудармай, тура қырық жыл бойы ауданның баспасөз саласын дамытуға айырықша үлес қосты.

Хамитбек Мұсабаев соңғы 17 жылдың бедерінде облыстық «Қостанай таңы» газетінің Амангелді ауданындағы меншікті тілші қызметің абыроймен атқарып келеді.

Қаламгер атанып, сөз өнері мен баспасөз саласында ұзақ жылдар қызмет етіп келе жатқандықтан туған әдебиетіміздің хал-ахуалын үнемі назарда ұстап отыру – бұлжымас әдетіме айналып кетті десем, ешкім бекер дей қоймас. Қазір біздің облысымызда да біраз ақын-жазушылар еңбек етуде. Әрқайсысының өз қолтаңбасы бар. Осы қаламгерлер арасында шығармашылық еңбегі жемісті болса да, 6-7 жинақ шығарса да өзінің лайықты бағасын әлі алмаған бір ақын бар. Ол – Хамитбек Мұсабаев. Өткен, 2005 жылдың аяғында оның белгілі меценат Жұмағали Құрмансейітовтің демеушілігімен мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген "Наркескен" деп аталатын өлеңдер мен поэмалар кітабын оқып шыққаннан кейін осындай қорытындыға келдім. Көлемі 500 бетке жуық бұл кітап үлкен-үлкен 3 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге ақынның әр алуан тақырыпқа жазылған лирикалық өлеңдері, "Тұлғалар" деп аталатын екінші бөлімге Аяз би мен Жиренше шешеннен бастап Қалибек Деріпсалдинге дейінгі аралықтағы Алаш қайраткерлері мен өнер шеберлері туралы жүрекжарды жырлары топтастырылған. Ал, үшінші бөлімде қаламгердің 11 поэмасы берілген.

"Наркескенді" бас алмастан бір күн ішінде оқып шығып, ғажайып әсерге бөлендім. Хамитбектің дүниетанымы, білім, ой, дарын, тіл байлығы қалыптасқан қолтаңбасы сүйсіндірді. Өлеңдерінің мазмұны да, мағыналық маңызы да терең әрі өмірдің өзіндей алуан тақырыпты қамтиды. Ақынның көркемдік әлемі ойыма Жүсіпбек Аймауытовтың "Мағжанның ақындығы туралы" деген мақаласын түсірді. Жүсекеңнің Мағжан өлеңдерінің астарын зерделей келіп: "Мағжан нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны. Ұлт ақыны" – дейтіні бар емес пе?! Оның осы сөзін Хамитбек шығармашылығы туралы да қайталап айтуға болады. Хамитбек те күйшіл, сыршыл, нәзік сезімдерді толқытқыш, тебіренгіш. Осы кітаптың Алғысөзінің тақырыбын "Тәуелсіздік жыршысы немесе Алашшыл ақын" – деп көрнекті ақын Серік Тұрғынбекұлы бекер жазбаған. Шынында да Хамитбек Тәуелсіздігімізді асқақтата жырлап жүрген ақын. Ақынды ақыннан артық кім таныған?! Секең Хамитбектің өзіндік ерекшеліктерін дәл көрсеткен: "Сөз өнерінің қадір-қасиетін жанымен ұққан ақын інімнің "Наркескен" кітабына Алғысөз жазу барысында оның көп оқып, көп ізденетінін және ақындық еңбегінің жемісті екенін біліп, қаламдас ағасы ретінде қатты қуандым. Әдетте өлең жазушы көп те, шын ақын аз. Хамитбек – ақын. Ақын болғанда өлең-жырларынан көркемдіктің қуаты мен мұңдалап тұрған ақпа-төкпе ақын. Қуаныштысы Хамитбекте жүректің отымен жазылған өлеңдер көп. Соңымызда осындай дарынды ақындардың келе жатқаны үшін қуана білуіміз керек деп ойлаймын. Сондықтан да оған өлеңде бағың жансын, бауырым! – деп ақ тілегімді білдіремін" – дейді С.Тұрғынбекұлы ағынан жарылып. Ақын кітабының бірінші бөлімі:

"Шыным да, барлық сырым да,
Ұятым менен арым да,
Шаттығым менен зарым да,

Бәрі де бәрі – жырымда!! – деген бір шумақ эпиграфпен ашылған. Ал беташар бөлім "Тәуелсіздік толғауы" деген тамаша жырмен басталған. Бұл толғау:

Ел болып шырқар – Басты Әнім,
Ел болып жырлар – Дастаным,
Бір өзің десем артық па,

Тәуелсіз Қазақстаным! – деген жан тербер жолдардан басталып, егемендігіміздің қандай құрбандықтармен келгені және оны қадірлеу туралы үлкен әлеуметтік ой тастайды, қоғамдық пікір түйдіреді. Сол сияқты осы бөлімдегі "Туған жермен сырласу", "Қайталанбас енді екінші", "Анама хат", "Бәсіре", "Өмірбаян", "Балалық шақты аңсау", "Найзағай", "Жүк", "Досқа сыр", "Раушанға", "Түн қандай ғажап, ай қандай", "Махаббат жыры", "Қазақ тілі", "Құранкәрім", "Аруақ", "Мағжанмен мақұлдасу", "Тәттігүл-Токсанбай қажылар кесенесі" деп аталатын өлеңдер де салмақты, салиқалы туындылар.

Ал, "Мағжанмен мақұлдасуын" – тебіренбей, көкірегің күңіренбей оқу қиын. Бұл жырдағы – XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы запыран-зар қобыз үніндей кеуденді қарс айырады. Өлеңнің мазмұнын қара сөзбен қайталап айтып жеткізу мүмкін емес. Сондықтан оны оқырман өз көзімен өткеріп, оқығаны абзал. Енді бір алуан өлең "Теріс бұтақ топтамасы," деп аталады. Мұнда А.Имановтың, оның туған жері Теріскенсай мен Дулығалының, анасы Қалампырдың, нағашы атасы Бердікей ишандардың, ағасы Көшімбек бидің, жазушы Бақыт Имановтың, жан ақынның бейнелері жырмен қашалып жасалған. Бұл өлеңдер – кеңестік дәуірдегідей жалған мадақ даңғаза дақпыртқа емес, шынайы шындықпен шырайландырылған. Халық батыры Аманкелдінің өмірдегі болмысы боямасыз кестеленген.

Ахаң туралы бұл поэманы 1991 жылы Торғайдың Ақкөліндегі мәжілісте академик З.Қабдоловтың, үлкен жазушы Ә.Кекілбаевтың, көрнекті ақын С.Тұрғынбекұлының жоғары бағалағанын жақсы білеміз. Осы таяуда 60 жасқа толған тойына келгенінде Серіктің: "Ахаң туралы біз жазбаған поэманы Хамитбек жазды, өте жақсы жазды және сонау Ахаң ақталған 1988 жылы жазды. Бұл әдебиетімізге қосылған үлкен үлес. Ахаң туралы мұндай тамаша поэма әлі күнге жазылған жоқ", – дегенін аманкелділіктер оның өз аузынан тағы бір естіді.

Оның бұл сөзінің зәредей жалғандығы жоқ. Мұндай пікірді ақынның кітабына енген кез-келген поэмасы туралы айтуға болады. Мысалы

"Міржақыптың соңғы монологі", "Он жеті ер", "Абылай хан мен Бұхар жырау", "Қойлыбайдың қоштасу күйі", "Бәйге немесе тұлпар тағдыры", "Шақшақ Жәнібек", "Тәуелсіз Қазақстаным", "Мұхтардың монологі", "Ғазиз қажы", "Нұрсұлтан Назарбаев" поэмалары туралы да. Бұлардың көркемдік кестесі, көтерген жүгі бірінен-бірі өтеді. Жазылу формасы да әр түрлі. Тілі бай, ойы терең. Ақын Президентіміз Н.Назарбаев туралы әуелі бірнеше қысқа өлеңдер жазып барып, ақыры үлкен поэмаға қол артқан және бұл туынды ана тіліміздің бар ажар-бояуымен әдіптеліп, сұңғыла сырлар ағытқан. Хамитбек талантының табиғатын, бітім-болмысын, лирикалық нәзік тынысы мен эпикалық

кең құлашын егіз қатар танытқан шығармалары – осы 11 поэмасы. Бұларда табиғат көріністері, адамдар жанының сұлулығы күй сияқты шертіледі. Ақынның тілінің көркемдігі мен байлығы, шешендігі мен айтқыштығы көзге түседі. Жакұт та жампоз жырлар ағытқан сұңғыла сырлар жүректі әлдилейді.

Құтжан Қанжығалин

Құтжан Қанжығалин 1903 жылы Қайдауыл болысы, Жыланшық өңірінде (Батпаққара ауданы) Қостанай облысы, Аманкелді ауданында, Шиқамыс деген жерден 15-18 шақырым Солтүстікке таман Өгізкөк деген жерде дүниеге келген. Бұл жер Ұзын қыпшақтың бір тармағы Шоқанай атаның қонысы.

Ақынның жұбайы Бәтия және кіші қызы Жадыра Құтжанова, Ақынның қызы Нұрзада, Ақынның кіші қызы Жадыра Түркияның Стамбул қаласында, Жанар Айжанова, Нұрғали Нүсіпжановтармен мәдени іс шараларымен Қазақстан атынан барғандағы сәті

Бойына ақындық өнер, туған жердің топырағынан және ата-баба қанымен берілді десекте болады. 15 жасынан бастап домбыра шертуді үйренеді. 18 жасынан елге таныла бастайды. Ақынның азан шақырып қойған аты Құтмұхаммед. Анасы Мұхаммед пайғамбардың атын атауға батылы бармай Құтжан деп еркелетіп атап кеткен.

1934 жылы жұбайы Бәтиямен шаңырақ құрады. Ақын 1936-1943 жылдар аралығында Аманкелді ауданында мәдениет бөлімін басқарған. 1942 жылы соғысқа аттанып, сол жылы денсаулығына байланысты елге оралады. Әкесінің аты-Қанжығалы, Анасы-Есембек.

Алматы қаласында өткен Республикалық көркемөнерпаздар байқауына қатысып, 1949 жылы Алғыс хат алады. 1954 жылы «Диханшы қарт» (әні де сөзі де өзінікі) әнін орындағаны үшін мақтау қағазымен марапатталады.

Қостанай облыстық ақындар айтысына халық ақыны Омар Шипин, Сәт Есенбаев, Нұрхан Ахметбековпен бірге қатысып, ақындық шеберлігі үшін облыстық КП мен атқару комитетінің, облыстық мәдениет басқармасы грамоттарымен марапатталды.

Бүгінгі күнде ақын атамыздың өз бойындағы асыл қасиеттерді кейінгі ұрпақтарға да дарытып, шәкірт тәрбиелеп кеткеніне көзіміз кәміл жетеді. Себебі Құтжан Қанжығалиннің қызы Жадыра Құтжанова, халқаралық додалардан бас жүлдені бермей жүрген ақын.

Жалпы ақындарды айтыс және жазба ақын деп шартты түрде бөліп

қарағанымызбен, түптеп келгенде бәрі бір тонның ішкі бауындай өзара байланысып жатқан бір ғана “Ақын” деген киелі ұғымға саяды.

Ақындар айтысына қатысуымен қатар бірнеше поэма, очерк, өлеңдер шығарған. Ақын-сазгер Құтжан Қанжығалин әндерін сөздерімен шығарған. «Құмды шөлде нұр жанды», «Елімде еңбек қайнаған», «Барлық қызық колхозда», «Қарт шопан» тағы басқа әндерімен қоса «Ақ қайың-75» күйін шығарған.

Әнші, ақын, сазгер-Құтжан Қанжығалиннің 2004 жылы «Інжудей асыл сөзді жырмен төктім» өлеңдер жинақ кітабы жарық көрді.

Ақын атына өзінің туған жері Аманкелді ауданының орталығындағы бір көшеге аты берілді және Аудандық балалар кітапханасы ақын есімімен аталады.

Ақынның айтқан ұтымды ойы, халықтың есінде сақталып ауыздан-ауызға таралса, ол ақынның тауып айтқандығы болып саналады. Сондай шумақтарының бірі:

Қорқамын мына отырған Есжан шалдан,
Етегін жалқаулықпен суға малған.
Бір айда тоғыз торпақ өлтіріпті,
Малшыға Мәулен оны неге салған-деген екен.

Ақын ешкімге ұқсай бермейтін, құлыптаулы құпияны сыр ғып шертетін, жыр ғып төгілдіретін табиғи таланттың иесі. Құтжан ақын өлең өнеріндегі өзінің жүйріктігін неше алуан теңеу, метафоралар, бейнелі сөздер арқылы шебер жеткізе біліп, әр айтысында ұйқастың әр түрін қолдана білген.

Ахметхан ақынмен бір айтысында:
Мақтансаң мақтаныңыз мына мендей,
Қаларсың қараңды үзіп шаңыма ермей.
Үш жылда, үш есе озып сенен артық,
Барамын басқаларға теңдік бермей-деп **қара өлең ұйқасын** шебер пайдаланған.

Енді бірде Дәмесақ ақынмен айтысында:
Ерлікпен еңбектегі еркін қойшы,
150,жүз саулықтан қозы берді.
Желсөздің желдірмесі неге керек,
Мен емес бұл байлықты халқым көрді -деп **кезекті ұйқасты** қолданып жауап қайырады.

Құтжан ақынның поэзиясында теңеулердің қызыметіне тоқталғанда, әсіресе, зат есім, етістікке жалғанатын –**дай, -дей, -тай, -тей**, теңеу түрлерінің жиі әрі актив түрде қолданылатынын байқаймыз.

Жолаушыдай тура тартып, **бұлбұлдай** гүл жамылған масайрасқан, кездескен көп қарғаға **қаршығадай**, **Таңбадай** тайға басқан кетпейді естен, күнге сапар **шеккендей**, гүлденіп өмір **көктемдей**.

2.Теңіздің кемерленген **толқынындай**,

Көк торғын күні ертең маржанданад.

Артылған ауыр жүкті сары **атандай**,

Қара жер алтын дөнге қайқаң қағад. («Інжудей асыл сөзді жырмен төктім» 136-бет)

Құтжан ақын айтыскер болғандықтан сатираны да жиі қолданып отырған. Себебі ақын қарсыластарын сөзден тайдырып, халықтың көңілінен шығу үшін қолданған. Бұл жанр ертедегі жыраулар шығармаларынан да тыс қалған жоқ. Олар байлар мен үстем тап өкілдерін сынау, әжуалау, мазақ етуде жиі пайдаланған. Сол жыраулардың ұрпағы Құтжан ақын да айтыста жиі қолданған. Оған дәлел:

Сен сірә егесуді қойсаң етті,
Құдайдай көріп ақ қой бұл індетті.
Әкелген айырбастап алпыс қашар,
Жөнін айт, мағұлымсыз қайда кетті

Ақын жүрегінен шыққан өлеңдерінің жандана түсуі үшін эпитеттерді де тиімді қолданған.

Сымбатты сұлу тұлғасын,
Өсірейік сиырдан.
Шелек-шелек сүт берген,
Шүйде мойын, шой желке.

Құтжан ақын өлеңінде сөз мәнін өзгертіп, кейіпкерін айқындай, ажарландыра түсу мақсатында метафораны да тиімді қолданған.

Дүбір көрген жүйрік ең,
Қажымаңыз қағысқа.
Еңбектің ері едіңіз,
Мырзеке енді қарышта

Ақынның шығармалары құндылығымен, сауаттылығымен, бастысы өлеңдерінің ел есінде қалып еңбексүйгіштікке үндеуімен ерекшеленеді.

Ақынның өлеңдері халық есінде мәңгі сақталып әдеби мұраларға енетініне сеніміміз мол.

Сөз соңында айтарым, өмір өзгеріп, тұрмыс қанша түрленсе де, төл өнерімізді, ата жырымызды түп тамырын жұлдырмай, өзегеін үздірмей сақталып келген атамыздың еңбегін бағалап халыққа таныта білейік.



Жұмабек Омарұлы Кенжалин 1954 жылы 30 желтоқсанда Қостанай облысының Амангелді ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозында дүниеге келген. 1971 жылы Арқалық ауданындағы Қайынды орта мектебін бітірген соң, шаруашылықта жұмысшы, электрмен дәнекерлеуші, кейін орта мектептің мұғалімі болып қызмет атқарды. 1973-1975 жылдары Қарулы Күштер қатарында қызмет етті. 1981 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін ойдағыдай бітірді. Ол бірқатар Дүниежүзілік және Бүкілодақтық жастар мен студенттердің форумдарына қатысты. 1978 жылы халық депутаттары Алматы қалалық советінің депутаттығына сайланды. 1981 жылы «Егемен Қазақстан» («Социалистік Қазақстан») газетінде әуелі тілші, кейін бөлім меңгерушісі, 1986-1988 жылдары «Зерде» («Білім және еңбек») журналында жауапты хатшы, бас редактордың міндетін атқарушы, 1994 жылдан «Халық кеңесі» газетінің бас редакторы болды. 1996 жылдан «Ақиқат» журналының бас редакторы, 1997-1999 жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметін атқарды. 1999 жылдан 2007 жылға дейін «Қазақ газеттері» ЖАҚ-ның президенті, бас директоры, «Ана тілі» ұлттық апталығының, «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналының бас редакторы қызметтерінде болды. Қазір «Қазақ газеттері» ЖШС-ның Бас директоры – редакторлар кеңесінің төрағасы. Ол 2004 жылы «Бұқаралық ақпарат құралдарының қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі» деген тақырыпта саяси ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін диссертация қорғады.

Ж.О.Кенжалин Қазақстан Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия мүшесі, XVII шақырылған халық депутаттары Алматы қалалық кеңесінің депутаты болып сайланды.

Ол «Желкілдеп өскен құрақтай» (1988ж.), «Шындықты шырақ етіп ұстаңыз» (1998ж.), «Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз» (2005ж.), «Саяси менеджмент және баспасөздің жұртшылықпен байланыс мәселелері» (2010ж.), «Ер Жәуке мінбегенмен алтын таққа» (2011ж.) деп аталатын кітаптардың авторы.

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығының лауреаты (2006 ж.), Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты (1983 ж), Қазақстан Журналистер Академиясының толық мүшесі-академигі (2001 ж), Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері (2004ж.), «Құрмет» орденінің (2009 ж.), Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» медалінің (2011ж.) иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



Қазыбек Әбен 1914 жылы Торғай уезіне қарасты Қойдауыл болысында (қазіргі Торғай облысының Жангелдин ауданы) туды. Аталары Баубек үш жүзге аты мәлім бақсы болған. Қазыбек қобыз тартуды атасы Баубектен үйренді.

1937 жылы Алматыда өткен халық өнерпаздарының республикалық слетіне қатысып, қобызшыар арасында бі-рінші орынды иемденді. 1940 жылдан 1946 жылға дейін Қызыл Армия қатарында болып, Отан соғысына қатысты. Одан кейін Қазыбек Қостанай облыстық филармониясында қобызшы-солист болып қызмет істеді. Ол 1951 жылы халық орындаушыларының Бүкілодақтық слетіне қатысып, жүлделі орынға ие болды.

1974 жылға дейін Амангелді аудандық мәдениет үйінің дирек-торы болып қызмет істеді. 1972 жылы оған Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері деген атақ берілді. Қазіргі уақытта Қазыбек пенсияда, Арқалық қаласында тұрады.

Қазыбектің орындауында жинаққа «Баубектің сарыны» енгізілді.



Әлпейісова Камал Әбілқасымқызы Қостанай облысының Амангелді ауданында туған. Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі. Филология ғылымдарының кандидаты, жазушы, аудармашы. Елімізде ілеспе аударма жасауды меңгерген алғашқы аудармашылардың бірі, республикалық «Үздік аудармашы» конкурсының тұңғыш жеңімпазы.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

1956 жылы 10 наурызда Қостанай облысы, Амангелді ауданының «Родник» совхозында туған. 1973 жылы Арқалық қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы №1 орта мектепті бітірген. 1978 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдаған.

1979 жылы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде корректор

1981 жылы «Қазақстан әйелдері» журналында әдеби қызметкер.

1990 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Әйелдер ісі, ана мен баланы қорғау комитетінде қызмет істеген.

1994 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Аппаратының Редакциялық баспа бөлімінде консультант, ілеспе аударма секторының меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары болып қызмет еткен.

Қазір Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппараты редакциялық баспа бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып еңбек етуде.

Республикалық газет-журналдарда әңгіме, өлең, аудармалары жарияланып тұрады. «Қыз өссе, ұл есейсе» (1998), «Н.Қайыпова» (2003), «Жапырақтары жанымның» (2006), «Мағыналас мақалмәтелдердің, қанатты сөздердің қазақшаорысша және орысшақазақша сөздігі» (2006) атты кітаптардың авторы. Белгілі фольклорист ғалым, филология ғылымдарының докторы О.Нұрмағамбетовтың артында қалған еңбектерін жинақтап, «Өмір өрнектері» (2003) атты кітап етіп шығарған. «Шаңырақ» энциклопедиясының материалдарын аударуға атсалысқан. Мұғамила Әуезованың «Әкем туралы» атты кітапшасын, М.Асаубаеваның өмірбаяндық хикаятын орыс тіліне аударған. Сондайақ орыс тіліне Махамбет өлеңдерінің жолмажол аудармасын жасаған. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шығарылған «Әлемдік саясаттану антологиясында» грек ойшылдары Демокриттің, Аристотельдің, Платонның, Сократтың, батыс ойшылдары Бенедикт Спинозаның, Джон Локктың, Паскаль Блездің жекелеген еңбектерін аударған (2005).

Материалды көшіріп жариялау үшін редакцияның немесе автордың жазбаша, ауызша рұқсаты қажет және «Әдебиет порталына» гиперсілтеме берілуі тиіс. Авторлық құқық сақталмаған жағдайда ҚР Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңымен қорғалады.

Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов (11 қараша 1948, Қостанай - 15 қазан 2013, Астана) — мемлекет және қоғам қайраткері.

1971 жылы - Новосібірдегі кооперативтік сауда институтын бухгалтер-экономист мамандығы бойынша тәмамдаған. Алматы жоғарғы партия мектебін бітірген, саясаттанушы.

13-і шақырылған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңес депутаты.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ұйымдастыру-бақылау және кадр саясаты басқармасының Мемлекеттік инспекторы болып жұмыс істеген.

Төрағалыққа сайлау алдынан Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары болып тағайындалған.

2008 жылы қазанның 13 Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі төрағасы болып қайта сайланды.

Марапаттары

«Құрмет» орденімен, және төрт медалмен марапатталған.

Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов 17.10.2013

2013 жылғы 15 қазанда көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, III-V сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов 65 жасқа қараған шағында ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болды.

Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов 1948 жылғы 11 қарашада Қостанай қаласында туған. 1971 жылы Новосібір кеңестік кооперативтік сауда институтын бітірген. Еңбек жолын Қостанай облыстық тұтынушылар одағында бастаған. 1974-1991 жылдары Қостанай және Торғай облыстарында комсомол, партия органдарында қызмет атқарды.

1991 – 1994 жылдары халық депутаттары Торғай облыстық кеңесі аппаратының басшысы, Торғай облысының Амангелді аудандық әкімшілігінің басшысы болды. 1994 жылы XIII сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды, Жоғарғы Кеңестің Экономикалық реформа комитеті төрағасының орынбасары болды.

1995 – 2004 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы, Ұйымдастыру-бақылау бөлімі меңгерушісінің орынбасары, меңгерушісі болып жұмыс істеді.

2013 жылғы 15 қазанда көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, III-V сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов 65 жасқа қараған шағында ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болды. Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов 1948 жылғы 11 қарашада Қостанай қаласында туған. 1971 жылы Новосібір кеңестік кооперативтік сауда институтын бітірген. Еңбек жолын Қостанай облыстық тұтынушылар одағында бастаған. 1974-1991 жылдары Қостанай және Торғай облыстарында комсомол, партия органдарында қызмет атқарды.

1991 – 1994 жылдары халық депутаттары Торғай облыстық кеңесі аппаратының басшысы, Торғай облысының Амангелді аудандық әкімшілігінің басшысы болды. 1994 жылы XIII сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды, Жоғарғы Кеңестің Экономикалық реформа комитеті төрағасының орынбасары болды.

1995 – 2004 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы, Ұйымдастыру-бақылау бөлімі меңгерушісінің орынбасары, меңгерушісі болып жұмыс істеді. Орал Байғонысұлы өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің, жоғары біліктілігі мен адамгершілік қасиетінің арқасында қоғамда үлкен беделге, зор абыройға ие болды. Ол әрдайым тәуелсіз Қазақстанның іргесін қалау жолында азаматтық парызына адал қарап, қоғамда реформаларды жүзеге асыруға, тұрақтылық пен келісімнің орнығуына зор үлес қосты. Оның бұл қасиеттері үшінші, төртінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы болып қызмет еткен кезінде ерекше жарқырап көрінді. Парламент Мәжілісіне басшылық жасай отырып, Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов Елбасының стратегиялық бағытын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуде аянбай еңбек етті. Оның еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Құрмет», «Парасат» ордендерімен және бірқатар медальдармен марапатталды. Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов бүкіл күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін туған еліміз бен халқымыздың игілігіне жұмсаған Қазақстанның шынайы отансүйгіш перзенті бола білді.



Әбілфайыз Ыдырысұлы Ыдырысов 1930 жылы 23 ақпанда Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Бүйректал елді мекенінде дүниеге келді.

1953 жылы ҚазМУ-дің филология факультетінің журналистика бөлімін бітірген. 1953–1965 жылдары «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде, Қазақ республикалық радиокомитетінде жауапты қызметтер атқарған. 1965 жылдан

бастап қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көп жылдар бойы ұстаздық етті. Профессор.

«Әуезовке – іңкәрлік» (1997), «Біртуарлар болмысы» (2000) эсселер жинақтары, «Таңшолпан» роман-хикаясы (2000), «Аңсаған менің әнімсің», «Берік», «Мұхамеди» повестері жарық көрген.

Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1991), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері (2001), Қазақстан Журналистер одағының К.Қазыбаев атындағы сыйлығының лауреаты.

«Есінде елдің Төкені»

*Туған елге деген
махаббатыңды, Айтсам деген
өнеріңдегі – Даттыңды!!!
Ғасырлардан-ғасырларға
жеткізіп, Тұрар ісің
жарқыратып атыңды.*

**Хамитбек
Мұсабаев**

1959-1985 жылдар аралығында Торғай өңірінің мәдениетіне үлкен үлес қосқан ұстаз, кәсіпқой музыкант, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Елтебаев Төкен Сауытбайұлы 5 тамыз 1936 жылы Аманкелді ауданы, Қарасу ауылында дүниеге келген. Торғай өңірінен шыққан алғашқы жоғары білімді музыка маманы.

1959 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияның ұлт аспаптар факультетін бітірген. Институтта оқып жүріп, 1957 жылы Дүниежүзі жастары мен студенттерінің Мәскеуде өткен VI фестиваліне республика делегациясының құрамында қатысып, Алғыс хатпен марапатталды. Институтты бітірген соң туған жеріне келіп, Аманкелді аудандық халық театры мен ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастырды. 1961 жылы кеңшараралық ақындар айтысын өткізуге мұрындық болды. 1961 – 1966 жылдары Ленин атындағы мектеп-интернатта музыка сабағынан дәріс берді. 1966 – 1977 жылдары Аманкелді аудандық мәдениет бөлімін басқарды. 1974 жылы жанадан ашылып жатқан Торғай облыстық музыкалық-драма театрының директоры болып тағайындалды.

1975 – 1980 жылдары облыстық филармонияның көркемдік жетекшісі болды. Осы жұмысты атқара жүріп, республикада тұңғыш фольклорлық «Шертер» ұлт аспаптар ансамблін ұйымдастырды. 1980 жылы Арқалық қаласында ашылған музыкалық училищенің алғашқы ұйымдастырушысы және директоры болды.

Төкен Елтебаев елінің мәдениетін көтерген, қамын ойлаған, талай өнерпаздың ұстазы болған, өнерпаз жастарының буынын қатайтуға атсалысқан санаулы азаматтардың бірі. Өмірден ерте өтсе де, артына із қалдырған сүйікті перзент. Оның есімі аудан орталығындағы музыка мектебіне, өзінің туған жері Қарасу ұжымының орталығындағы көшеге берілді. Арқалықтағы училищеге ескерткіш тақта қойылды.



Сазгер Төкен Елтебаев туралы дәйексөздер:

«... Өнерге араласқаннан бері өзім ұстазым деп санайтын - өмірден ерте өтіп кеткен Төкен Елтебаев ағамыз. Ол кісіні мен жиі еске аламын. Өнер

жолының да бұралаң – бұлтарысы көп қой. Сондай бір қиналып жүрген сәттерімде ол кісі ақыл-кеңесін айтып, қолдан келген бар жақсылығын жасаушы еді...»

***Қазақстан Республикасының халық әртісі
Ғазиза Жүмекенова***

«... Төкен аға Торғай өнерпаздары үшін орны бөлек тұлға еді. Оны ағалары, замандастары кейінгі толқын іні-қарындастары баспасөз бетінде жиі айта бастады. Бұл мені қатты қуантады. Мен Төкен ағаға қарыздар едім. Құм арасындағы мектеп-интернатта оқитын маған домбыра мен сырнайдың жан баурайтын сиқырлы тылсымын үйреткен Төкен аға еді...»

***Қазақстан Республикасының халық
әртісі Ғалымжан Құрманов***

«... Мен Төкен ағаның тәжірибесін жастай көріп, бір ауылда өсіп соңынан еріп өнер ұжымдарында ұзақ жылдар қанаттас болғанымды мақтан тұтамын. Асыл ағамыз кезінде басшылық жасаған «Шертер» фольклорлық ансамблі өз қолымен құрған, облыстық, аудандық театр ұжымдарының мүшелері аға өнегесін әркез ардақ тұтады...»

Қыпшақ Қойғарин

«...Облыстық драма театрының ұжымы үшін Торғай өнерімен мәдениетінің ірі тұлғаларының бірі – Төкен Елтебаев есімі қашаннан қастерлі. Т. Елтебаев біздің театрымыздың алғашқы директоры болды. Ол салған сара жолдан аумаған ұжымымыз қазіргі күндері республикаға белгілі ірі өнер ұжымына айналды...»

***1996 жыл А. Байтұрсынов атындағы
облыстық қазақ музыкалық драма
театрының ұжымы.***